



# 2 Университет жаңалықтары

Қазан, 2022 жыл



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Директорлар кеңесінің отырысы өтті. Жиын барысында «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 жылғы атқарған жұмысының есебі, университеттің даму бағдарламалары талқыланды. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, нәтижелі жұмыс жасалатындығы да айтылды.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мәжілісіне келген Директорлар кеңесінің мүшесі, профессор Бейбіт Баймағамбетұлы Мамраев университеттің жатақханасы, асханасы және басқа да нысандармен танысып, қызметкерлермен, білім алушылармен пікірлесті. Сондай-ақ, студенттер үйінің тұрғындарымен сөйлесіп, өмір сүру жағдайлары туралы да білді.



## ҒАППАР ТЕМІРҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ



Оқу орнында көптілді білім беру факультеті шетел тілі кафедрасының ұйымдастыруымен Атырау университетінің дамуына үлес қосқан, өңірде мамандар дайындауда өзіндік дара жолы бар ардагер ұстаз, доцент Ғаппар Темірғалиев атындағы атаулы аудиторияның ашылу салтанаты өтті.

Ғаппар Темірғалиұлы 1931жылы 5 мамырда Еспол ауданы (қазіргі Индер) Тума ауылында дүниеге келген. 1945 жылы Гурьев педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1947 жылы өте жақсыға аяқтап, өзінің алғашқы еңбек жолын Новобогат ауданы (қазіргі Исатай) Тұщықұдық ауылында мұғалім болып бастайды.

Оқуға жастайынан құмар жас жігіт 1949 жылы сонау Нарын құмдарынан жоғары білім алу арманы жетелеп, Алматыдағы шет тілдері институтының студенті атанады. Аталған оқу орнын 1953 жылы табысты аяқтап, туған өлкесіне шет елдер тілі (ағылшын және француз тілдері) мұғалімі дипломымен оралады.

Сөйтіп, Ғаппар Темірғалиұлы Новобогат поселкесіндегі Амангелді атындағы мектепте, кейін Гурьев қаласының Балықшы поселкесіндегі мектепте, облыстық білім бөлімінде, Гурьев теңізшілер училищесінде еңбек етіп, кейін жоғары оқу орнында шет елдер тілі сабағы жүргізілуіне мән берілуіне байланысты педагогикалық институтқа шет ел тілдері кафедрасына жұмысқа алынады.

Бұл - 1969 жылдың сәуір айы еді. Ол өмірінің соңына дейін осы оқу орнында қызмет атқарып, он бір жыл

бойы шет ел тілдері кафедрасын басқарды. Өз мамандығын жанындай жақсы көрген аяулы жан осы уақыт ішінде ағылшын тілі бойынша бірқатар мақала, әдістемеліктер, басқа да ғылыми еңбектер жазып, тың жобаларды қолға алды, Еңбегі ескеріліп, «Оқу ағарту ісінің үздігі», Атырау университетінің доценті деген атақтар берілді. Өзінің мамандығын тереңдету мақсатында шет елдерге талай рет іссапармен, туристік жолдамамен барып қайтты.

Ғаппар Темірғалиұлы жұбайы Алмамен бірге үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Оның ішінде, қызы Айгүл әке жолын жалғастырып, ол оқыған Алматы шет ел тілдері институтын аяқтап, ағылшын, француз тілдерінің маманы атанды.

Атаулы аудиторияның ашылу салтанатына Ғаппар Темірғалиұлының жанұясы, шәкірттері, ардагер ұстаздары қатысып, ақын, ғалым Жүсіп Қадір ұстаз жайлы естеліктерімен бөлісіп, жүреюкарды өлеңін арнады. Атырау облысының құрметті азаматы, қоғам қайраткері Мадина Ғабдусалимова «Бүгін өткенге оралып, өлгенді тіріліткен күн деуге болады. Ғаппар ағамыздың ортамыздан кеткеніне 25 жыл өтіпті, сол кезден бері талай рет қолға алынған бұл жұмыс бүгін міне өз дегеніне жетті. Осыны ұйымдастырған сіздерге үлкен рақмет», - деп алғысын жеткізді.

Халық ағарту ісінің үздігі Ғаппар Темірғалиевтің өлшеусіз еңбегін өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында аудиторияда ғылыми-әдістемелік еңбектері, жарық көрген мақалалары орналастырылған.

## АКАДЕМИК АТАҒЫ БЕРІЛДІ

Университетте ғылыми кеңес мәжілісі өтіп, онда Каспий аймағы академиясының Президенті Асхат Иманғалиев еліміздің ғылым саласына, өңіріміздің экономикалық дамуына өз үлестерін қосып жүрген азаматтарды атап өтті.

Білім беру саласында айтарлықтай үлкен істер атқарып жүрген, студенттерге қолайлы жағдай қалыптастырып, мақсатты түрде университеттің өркендеуіне үлес қосқан Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисовқа және өлкеміздегі ғылым, білім саласының дамуына жұмыстанып жүрген ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Қосыбек Салтанатұлы Ирзағалиевқа Академик атағы беріліп, салтанатты түрде төсбелгілерін табыстады. Одан соң сөз алған ардагер ұстаздар Қадыр Өтегенұлы мен Бақтыбек Жұбандықұлы құрметті атаққа ие болған қос тұлғаның сіңірген еңбегі жөнінде ой өрбітіп, құттықтау лебіздерін білдірді.



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымы білім және ғылым саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен білікті педагог, ғалым Тамара Анатольевна Қаражігітованы 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтайды!

Сізді өз ісінің білгірі және жанашыры, кәсіпқой маман, әділ әріптес, адал дос ретінде жоғары бағалаймыз. Саланы дамытуға қосқан лайықты қыметінің жоғары бағаланып, «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин», «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» және басқа да марапаттардың иегері атандыңыз. Алдағы уақытта да береріңіз, алар белесіңіз көп болсын деп тілейміз! Деніңіз сау, отбасыңыз аман болсын! Табыстар мен жетістіктерге жете беріңіз!



## МЕКТЕБІМІЗ - МАҚТАНЫМЫЗ



«Ұстаз» мектебі өткен оқу жылын озық көрсеткіштермен аяқтап, оң нәтижелермен бөлісті. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеудегі орташа балл 83 пайыз құраған. Бітіруші 38 түлектің 24-і мемлекеттік грантты иеленді, бұл 63 пайыз көрсеткішті құрайды.

«Ұстаз» түлектері еліміздегі ең беделді педагогикалық жоғары оқу орындарының студенті атанды, олардың қатарында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (5 грант), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (3 грант), Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар университеті (2 грант), Әлем тілдері университеті (2 грант), Сүлеймен Демирел атындағы университеті (1 грант), Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (2 грант), Астана халықаралық университеті (1 грант) бар.

Сонымен қатар, «Ұстаз» мектеп-интернатының 16 оқушысы қара шаңырақ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне түсті. Оның ішінде, 6 оқушы грант иегері, ал оқу орнының педагогикалық мамандықтарының ақылы бөліміне түскен 10 студентінің 55 пайыз оқу ақысына жеңілдіктер берілді.

Сондай-ақ, 2021-2022 оқу жылында мектеп-интернатқа 65 оқушы қабылданса, биыл олардың саны 85-ке өсті.



# БАТЫРЛАРДЫҢ ІЗІМЕН

**Амангелді Шамгонов - 80 жаста**  
**Жақында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау**  
**университетінің профессоры, Қазақстан Ре-**  
**спубликасы Тарих және қоғамдық ғылымдар**  
**Академиясының академигі, Халел Досмұхамедов**  
**және Махамбет атындағы сыйлықтардың лауреа-**  
**ты Амангелді Шамгоновты «Құрманғазы ауданының**  
**Құрметті азаматы» атағын иеленді. Мерейгерді**  
**құттықтап, жүрекжарды лебізімізді арнаймыз!**

Ұстаздар қауымына қастерлі атақ пен даңқты өз шәкірттері, олардың арасынан жүзден жүйрік шыққан таланттылары ғана сыйлайды. Себебі, ұстаз шәкіртімен бақытты. Атырау топырағында шәкірттері арқылы бақыт арқалаған ұстаздар баршылық. Олардың арасында тарихшы мұғалімдерді, ғалымдарды тәрбиелеген, Амангелді Шамгоновты есімі ерекше құрметке ие.

Амангелді Шамгоновты бізге, яғни Гурьев пединститутының қазақ тарих бөліміне 1981 жылы қабылданған студенттеріне 1 курста «археология» және 2 курста «КСРО тарихының капитализм дәуірінен» дәріс оқыды. Менің ұстазыммен етене араласуым 2 курста «Ата мекен» тарихи өлкетану үйірмесіне мүше болып қабылданғанда басталған-ды. Кейін үлкен ғылымға аяқ басарда негіз болған диплом жұмысыма жетекшілік жасады. «Гурьев облысында коммунистік еңбек бригадаларының қалыптасуы және дамуы» тақырыбындағы диплом жұмысымды 1986 жылы үздік қорғап, мемлекеттік аттестаттау комиссиясы шешімімен «КСРО тарихы» кафедрасына қабылдандым. Институттан соң бірден әскер қатарына шақырылып, 1987 жылы әскерден оралғасын, ұстазымызбен қанаттаса жаңа қабылданған 2 топ (25 студенттен) тарихшы студенттерге куратор болып бекітілдім.

Сексеннің сеңгіріне шықса да, Амангелді Шамгоновты ағамыз тынымсыз ұстаздық еңбекті ғылыми ізденіспен ұштастырып жүргеніне тәнті боласыз. Ол 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлы және осы көтерілістің рухани көсемі, жалынды жыршы Махамбет Өтемісұлы туралы, «Алаш» қозғалысы басшыларының бірі, әмбебап-ғалым, ағартушы-педагог, қоғам қайраткері профессор Халел Досмұхамедов туралы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті Атырау өлкесінде ұйымдастырушы Өтепқали Исатаев туралы көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, оның Махамбет Өтемісұлының Бекетай құмында 1803 жылы туғандығын, күй алыбы Дәулеткерейдің 1820 жылы қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы бұрынғы Көнеу елді мекенінде туғандығын, Жаңгір ханның Сарайшықта туғандығын дәлелдейтін мақалалары қалып жұртшылықтың үлкен қызығушылығын туғызды. Оның ұсынысымен Құрманғазы ауданындағы бір саз мектебіне және елді мекенге Дәулеткерей Шығайұлы есімі, Атырау қаласындағы Товарищеская көшесіне Өтепқали Исатаевтың есімі берілді.

А.Шамгонов – Атырау мемлекеттік университетіне Х.Досмұхамедов есімінің берілуіне ұсыныс жасаушылардың бірі және университетіміздегі Х.Досмұхамедов мұражайын алғаш ұйымдастырушы болып табылады. Сондай-ақ, оның басшылығымен 1987 жылы Исатай ауданына ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс және оның ұрпақтары туралы көптеген деректер жинастырылды.

А.Шамгонов - 1991 жылы батыр бабамыз Исатай Тайманұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Қазақфильм» студиясы түсірген «Мінген Исатайдың Ақтабан-ай» атты фильмге тусушылардың бірі. Ол дайындаған «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс (1836-1838 жылдар)» атты сызба карта ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдау тауып, негізгі, орта және арнаулы орта мектептерде Қазақстан тарихы пәні бойынша көрнекті құрал ретінде пайдалануға ұсынылды. Ал оның 2007 жылы баспадан шыққан «Исатай мен Махамбет батырлар бастаған халық-азаттық көтеріліс және оны мектептерде оқыту» атты оқулыққа қосымша оқу құралын тарихшы мұғалімдер жылы қабылдады. Амангелді Шамгоновтың И.Тайманұлы мен



М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс туралы 30-дан астам ғылыми мақалалары республикалық «Өлке» баспасы шығарған 20 томдық Махамбет кітапханасында, «Арыс» баспасы шығарған 20 томдық Махамбет әлемінде, «Қазақ тарихы», «Жұлдыз», ғылыми-этнологиялық «Алаш» журналдарында, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысында», «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Хабаршысында», Исатай Тайманұлының, Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойларына, Х.Досмұхамедовтың 110 және 125 жылдықтарына арналып шығарылған ғылыми жинақтарда, халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақтарында және түрлі деңгейдегі басылымдарда жарияланған.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілісті зерттеу барысында А.Шамгонов көтеріліске байланысты ғылыми айналысқа «Кіші жүздің батыс бөлігінде» деген сөз тіркесін енгізіп, бұл көтерілістің академиялық «Қазақстан тарихының» 3 томында және 8 сыныпқа арналған Қазақстан тарихында көрсетілгендей үш кезеңнен емес, екі кезеңнен тұратындығы туралы ғылыми негізделген пікір білдірді. Ол, сонымен бірге, 8 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығындағы «Бөкей ордасындағы» деген сөз тіркесінің И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілістің аумағын негізсіз тарытып тұрғандығын, өйткені көтерілістің тек қана Бөкей Ордасында ғана емес, Кіші жүздің батыс бөлігінде де кең өрістендігін бұқаралық ақпарат құралдарында бірнеше рет атап көрсетті. Көтеріліс туралы құрастырған оқу картасы РТ БҒМ шешімімен орта мектеп оқулықтарына енгізілді.

2001 жылы А.Шамгоновтың «Исатай Тайманұлының ұрпақтары» атты монографиясы жарық көрді. Кезінде Х.Досмұхамедұлы бастап берген Исатай Тайманұлының ата-бабалары туралы директер батырдың ұрпақтарымен толықтырылып, толыққанды шежіреге айналды. Осылайша еліміздің Батыс өңірінде қазақ батырларының ұрпақтары туралы алғашқы шежіренің негізі қаланды. А.Шамгоновтың осы шежіре кітабы жарыққа шыққаннан кейін көршілес Астрахань облысынан Исатай батырдың көптеген ұрпақтары табылды. 2018 жылы «Ұлы дала батыры Исатай Тайманұлы» атты зерттеу еңбегі шықты.

1970 жылы А.Шамгоновтың ғылыми жетекшілігімен ұйымдастырылған студенттердің «Ата мекен» атты

тарихи-өлкетану үйірмесі кейін жалпыуниверситеттік Х.Досмұхамедов атындағы ғылыми-өлкетану бірлестігіне айналды. Бұл бірлестік шын мәнісінде өлкетанушы студенттердің ғылыми мектебі дәрежесіне көтерілді. «Ата мекенге» мүше студенттердің ғылыми еңбектері бүкіл республикаға белгілі болды. Үйірме мүшелері ғылыми жұмыстарды орындау барысында Ташкент, Алматы, Орал, Астрахань қалаларындағы мемлекеттік мұрағаттарда, көпшілік кітапханаларда болып, деректер жинады. А.Шамгоновтың ғылыми жетекшілігімен Гурьев педагогикалық институтында 1972 жылы тұңғыш рет диплом жұмысы қорғалды. Осы ғылыми-өлкетану бірлестігінен тәлім алғандардың 12-сі философия, саясаттану, педагогика және тарих ғылымдары бойынша ғылым докторы дәрежесіне жазған диссертацияларын ойдағыдай қорғады, ал 35-сі әртүрлі ғылым салалары бойынша ғылыми кандидаттары атанды. Солардың ішінен өзіміздің университетімізде жемісті еңбек етіп жүрген ғылым докторлары С.Сапанов, Ә.Мұқтар, А.Ахмет, Ұ.Ахметова және ғылыми кандидаттары Г.Қаленованы, Қ.Сүндетұлын, Ж.Шаяхметованы, Ж.Жұмабаеваны, Ә.Тұрдалиевты, Ғ.Базарғалиевты, К.Меңдігереевті, С.Нысанованы және басқаларын ерекше ілтипатпен айтуға болады.

«Ата мекен» тарихи-өлкетану бірлестігінің белсенді мүшелері арасынан мектептерде өлкетану жұмыстарын жемісті жүргізген мұғалімдердің 30-дан астамы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Бібірай Алтынсарин», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» сияқты үлкен марапаттарға ие.

А.Шамгоновтың шәкірттерінің арасынан кәзіргі кезде Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты Сәрсенбай Еңсегеновті, «Парасат» орденінің иегері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Иманғалиевті, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Ғабит Кенжебаевті атап айтуға болады. А.Шамгонов өзі 30 жыл бойы ғылыми жетекші болған Х.Досмұхамедов атындағы «Ата мекен» ғылыми-өлкетану бірлестігі туралы жазған «Ата мекен» өлкетанушы студенттердің ғылыми мектебі» атты монографияның авторы.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,  
тарих ғылымдарының докторы

# ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Физика және техникалық пәндер» кафедрасының аға лаборанты Сандуғаш Саясатқызы Ильясова 14 қазанда мерейлі асқаралы 60 жасқа шыққалы отыр. «Қалай тез есейгенбіз» деп, бірге еңбек етіп жүрген әріптесім туралы өткен күндерге ой жүгірттім.

Алғаш университетке «Физика» кафедрасына жұмысқа орналасқанда, дәріс берген сабақтарымының бірі – «Радиоэлектроника» пәні болды. Бұл пәннен Қ.Ғабдуллин мен доцент В.В.Марков дәріс беретін және N308 лаборатория аудиториясы доцент В.В.Марковке бекітілген болатын. Лаборатория биік столдарда үлкен лабораториялық стенд – 87Л1 оқулықтарымен осциллографтармен толықтай жабдықталған, арғы жағындағы препараттық лаборатория университеттің оқытушыларының жөндеуге тапсырған телевизор, радио, транзисторлар және сөреде кітаптар толып тұратын. Сандуғаш Саясатқызымен осы жерде таны-

стым, ол «Физика» кафедрасына қарасты «Радиотехника», «Электр және магнетизм», «Электротехника», «Автоматика және есептеу техника негізі» лабораторияларында лаборант болатын.

Жоғары оқу орны кафедрасының лаборант мамандығы, қарапайымдылығына қарамастан, іс жүзінде көптеген кәсіби құзыреттіліктер мен жеке қасиеттерді қажет етеді. Соның ішінде физика кабинетінің лаборантының хатшы мен әдіскер мамандықтарының гибриді болуымен қатар, ондағы педагогикалық компонентінің маңыздылығы ерекше болатындығы лабораториялық сабақтарды жүргізгенде, жұмыстармен танысып, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу барысында білінді.

Физикадан білім беру үдерісінде лаборанттар міндеттер шеңберімен ерекшеленеді, бірақ оларды біріктіретін нәрсе – оларсыз лабораториялық сабақтарды жүргізу қиындықтарға әкеледі. Құрал-жабдықтың жарамдылығын және оның қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігін қадағалайды, тазалық пен іскерлік жағдайды сақтайды, өртке қарсы қауіпсіздікке жауап береді, тағы да басқа кафедраның жұмыстарына деген жауапкершілік – лаборанттың басты сипаты болып табылады. Сондай-ақ, кафедрада лаборанттары үнемі «техникалық минимумнан» өтіп тұратын, сол кезде комиссия мүшелері де қатал тәртіппен әрбір лаборантқа лабораториялық құрал-жабдықтармен жұмыс іскерлігін тексеріп, әрбір құрылғыға сипаттама бергізеді және жұмыс жоспарларын талдайтын. Сандуғаш апай үнемі сынақтардан сүрінбей өтіп, сонымен қатар «Математика пәнінің мұғалімі» мамандығын да игеріп алды.

Доцент Владимир Викторович студенттерге қатаң талап қоятын. Сандуғаш апай екеуі лабораториялық жұмыстарды қайта-қайта жасап қарап, үнемі тапсырмалармен

толықтырып отыратын. 7 семестре студенттер В.В.Марковтан «Автоматика және ЕТ» және «Радиотехника» пәндерінен емтихан тапсырғанда, мемлекеттік емтихан тапсырып шыққандай қуанатын. Тіпті, «Математика» мамандығын бітірген, х.ғ.д., профессор Г.Шамбилова «Менің дипломымда бір ғана «4» бар, ол В.Марков пен Сандуғаштың сабағынан» деп, әзілдеп, айтып жүреді. Сол жалғыз «төртті» бестіктерінен жоғары қоятын.

Владимир Викторович пен Сандуғаш апаймыздың қарым-қатынасы ерекше. Сабақтан бос уақытта Владимир Викторович әртүрлі лабораториялық құрылғыларды, қолқа салған әріптестерінің телевизор, радиоларын жөндейді. Сандуғаш апай да қасында, сөздеріндегі элементтерді бір-біріне дәнекерлеп жүреді және үзілген электрондық компоненттерді (резистор, конденсатор, диод, транзисторлар) электропаяльникпен дәнекерлегенде «Әкем – инженер-механик қой, осындай бөлшектерді алып-салған, болттарды бұраған жұмыстар өзіме қатты ұнайды» дейтін. Владимир Викторович бірдеңе деп жұмсама, жүгіріп келіп, «тұда или сюда» ыммен, көзбен, қолымен, қабағымен көрсетіп, одан күліп, әйтеуір түсінісіп жататын. Арасында үшеуіміз препараторлық кабинетте шәй ішеміз. Сол кезде де, тіл шорқақ болса да, жарасым әңгіме айтамыз. В.В.Марков «Сандуғаш, постулай в магистратуру, тебе давно пора преподавать» деп талай айтты. «Владимир Викторович, а что вы сами научное звание есть, а почему кандидатскую не защитились?» – деп, о кісімен орысшалағатын. «Да на черт мне это звание сдалось? Скоро на пенсию» – деп ол ашық терезеден темекінің түтінін будақтатып, ойлап жымиятын.

Мен кафедра меңгерушісі болып жүргенде В.В.Марков зейнеткерлікке шығып, бірден жұмыстан босату жөніндегі арызым әкелді. Ардагерімізге арнап салтанатты жиын

ұйымдастырғанда, ол кісіні қимай Сандуғаш екеуміз ағыл-тегіл жылағанымыз бар. Сол кезде факультет деканы, т.ғ.к., профессор Б.З.Кенжеғұлов «Қуанбаева мен Ильясова әкелері кеткенде де бұлай жылымаған сияқты ғой» деп әзілдеген еді.

Кейін әріптестердің айтуы тұрткі болды ма, 2015 жылы п.ғ.д., профессор Г.И.Имашевтың жетекшілігімен «Қазіргі заманауи жартылай өткізгіштердің физикалық қасиеттері» тақырыбында «Физика» мамандығы бойынша магистрлік диссертациясын қорғады. Көп жылғы жинаған тәжірибесінің арқасында С.Ильясованың зерттеу жұмыстары оң нәтиже көрсеткенін ғылыми жетекшісі профессор Г.И.Имашев ризашылықпен атап өтті.

Сандуғаш Саясатқызы физика және техникалық пәндер кафедрасында 40 жылға жуық еңбек етіп келеді. Кейбір жылдары «Электротехника», «Сұлбатехника» пәндерінен лабораториялық, практикалық сабақтарды жүргізіп келді. Өзіне қарасты лабораторияларды аса ұқыптылықпен, жанашырлықпен таза ұстайтынын, үзіліс сайын қабағы қатулы Сандуғаш апай тексеретінін факультет құрамы жақсы біледі, сондықтан, ол лабораторияларға басқа мамандықтардың сабақтары қойылмайтын үнемі қадағаланады.

Физика мамандықтарын дайындауда профессор оқытушылар құрамымен қатар іскерлігімен, тәжірибесімен, адал еңбегімен ерекшеленіп, құрметтеуге лайық Сандуғаш Саясатқызына мерей той қарсаңында таза көңілмен шыққан ізгі ниетімді білдіре отырып, бақытты да баянды ғұмыр, жемісті еңбек, қажымас қайрат тілеймін. Әрқашанда деңізің сау, көңіліңіз жайдары, отбасыңыз берекелі болсын!

Баян ҚУАНБАЕВА,  
«Физика және техникалық пәндер»  
кафедрасының қауымдастырылған  
профессоры, п.ғ.к.



## ШӘКІРТТЕРМЕН МАҚТАНҒАН МАҚЫШ АПАЙ

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті Мақыш Зәйтқызы республиканың кәсіби музыкалық білім саласында білікті педагог, жоғары дәрежелі хормейстер ретінде жақсы танымал. Өзінің саналы өмірін ән өнері мен өнерпаз жастарды кәсіби хор музыкасына баулуға, жан-жақты тәрбиелеуге арнаған ұстаз.

Мақыш Зәйтқызы Атырау өңірінде хор өнерінің негізін салушы кәсіби хормейстер, ұстаз Евгений Михайлович Нұрашевтың класынан тәлім алған, ұстаз ісін абыроймен жалғастырып, «Ұстаздан шәкірт озған» деген, мақалдың әбден үйлесімді иегері.

Мақыш Зәйтқызы айқын шығармашылық даралығымен, талай биік жетістіктерімен және кәсіби шеберлігімен «Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжінің (Гурьев музыка училищесі) тарихында ерекше із қалдырды. Осы оқу орнында білім алып, оқуын үздік бітірген соң, училищеде ұстаздық еңбекке қалдырылып, зейнеткерлікке шыққанша 35 жыл еңбек етті, оның 25 жылы хор дирижері бөлімінің меңгерушісі лауазымын атқарды. Бөлімнің оқу процесінің жүйелі жүргізілуіне, шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда тындырғандық, нәтижелі жұмыстар жасады. Сол жылдар ішінде класынан тәлім-тәрбие алған жүздеген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде, шет мемлекеттерде ұстаз ісін жалғастырып жүр. Атап айтсақ, Х. Сүйекбаев – облыстық Н. Жантөрин атындағы филармонияның директоры, Р. Гайсин – композитор, музыкант, орындаушы, Е. Першина – Х. Досмұхамедов атындағы университетте, С. Туякалиева – «Д. Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжінде және т.б. Көптеген шәкірттері облыс көлеміндегі музыкалық мектептерде, шығармашылық ұжымдарда абыройлы еңбек етеді. Бәрі де осы керемет жан, кәсіби шебер ұстаздан тікелей білім алғандарын мақтан тұтатыны сөзсіз. «Ұстаз – ұстаз емес өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт – шәкірт емес, өз ұстазын сүймесе» деген нақыл сөздің түбінде екі жақты кері байланыс бар екенін мен талай өз құлағыммен естіп, көзіммен көргем. Училищені бітіргендеріне ондаған жылдар өтіп кетсе де, күні бүгінге дейін ұстаздарына жер шарының қай жерінде жүрсе де жағдайын, ақыл-кеңесін сұрап хабарласып тұратын шәкірттерін Мақыш Зәйтқызы мақтан етеді. Жақында ғана Англияда тұратын бір шәкіртінің хабарласқанын айтып марқайып риза болғанымна куә болдым. Бұл тек қана ұстаздық еңбек емес, парасаттылықтың, адалдықтың, қасындағы үлкен – кішіні сыйлай, түсіне білетін адами қасиеті.

Мақыш Зәйтқызы жас ұстаздар мен ұжымдастарына әдістемелік көмек көрсетіп, өзінің мол тәжірибесімен бөлісіп, үнемі бағыт – бағдар беріп отырады. Облыс көлемінде балалар музыка мектептерінің оқытушылары үшін ұйымдастырылатын білім жетілдіру курстарына жиі шақырылады. Бұл курстарда хор, сольфеджио пәндері бойынша шеберлік сабақтар, әдістемелік түсіндірмелер жүргізіледі. Сондай курстарда сольфеджио, хор пәндерінен өткізген ашық сабақтары ерекше. Тақырыптарды меңгеруде қолданатын әдіс-тәсілдері жылдар бойы жинаған тәжірибесінен туындаған жаттығулар десе болады. Ал, сольфеджио – хор жанрының негізін құрайтын, балалардың музыкалық қабілетін дамытатын қиын пән. Ұлағатты

ұстаз бұл пәнді меңгергендігі соншалықты, ұйықтап жатып түсіндіре алатындай. 1995 жылы облыстық «Жыл мұғалімі» сайысына «сольфеджио» пәні бойынша қатысып, жеңіске ие болғаны менің есімде.

Мен, осы аталған «сольфеджио» және «сольфеджио оқыту практикасы» пәндерінен Мақыш Зәйтқызынан дәріс алдым. Студент кезімізде БММ де практикадан өткенде ұстазымыздың сабақ өткізу мәнеріне еліктейтін едік. Жалпы «еліктеу» деген өмірде қалыпты жағдай ғой, «еліктеу әдісі» әдістеме пәнінде де қарастырылған. Оқып жүргенде ұстазына ұқсағысы келген шәкірттері аз болмаған шығар. «Болмасаң да ұқсап бақ» деген ғой ұлы Абай.

Мақыш Зәйтқызының хор өнерін насихаттауда, дамытуда, өркендетуде қосқан еселі еңбегі 60 жылға таяған екен. Осы жылдар ішінде атқарылған іс-қимылдар, өткізілген шаралар мен олардың дайындықтары, әр студентпен жасалған жеке жұмыстар, орындалған шығармаларға кеткен уақыт, маңдай тер, қалтқысыз еңбек, өмірде кездесетін күтпеген жағдайларды есептесе бірнеше жинақ жазуға болады.

1996 жылы облыс орталығында дарынды балаларға арналған Кіші Өнер Академиясының ашылуы үлкен жаңалық болды. Тәжірибелі ұстаз, білікті маман ретінде Мақыш Зәйтқызы осы оқу орнына жұмысқа шақырылып, сол оқу орнының негізін қаласуға сүбелі үлесін қосты.

Мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасаудың өзіндік ерекшеліктерін практика жүзінде қолдану мүмкіндігіне өз қолтаңбасын баса отырып, оқушылардың шығармашылық процесінде қалыпты жұмыс жасап кетуіне еселі үлес қосқаны көпшілікке мәлім. Осы оқу орнында бірнеше хор топтарын тәрбиелеп, үлкен сахналарға шығарды. Ол хорлар облыстық аймақтық, республикалық, халықаралық (Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Алматы, Астана, Шымкент, Тараз, Ақтау, Атырау, Москва, Санкт-Петербург, Болгария т.б.) фестивальдер мен хор конкурстарында бірнеше мәрте лауреат болып, «шебер орындаушылар» атағын иемденді. Үлкен талғамдылықпен таңдалған репертуар, соның ішінде өзі өңдеген халық әндері «Жас қазақ», Естайдың әні «Қорлан» гармониялық құрылымы жағынан батыс және орыс классикалық композиторларының шығармаларынан кем түспейді. Тыңдаушылар мен конкурста қазылық еткен хордың хас шеберлерінің, жан-жақтан жиналған хормейстерлердің мақтаулары, ыстық лебіздері, құттықтаулары сол сәтте хор жетекшісінің еңбегіне берілген өте жоғары баға. Қандай болмасын хордың орындаушылық шеберлігінің басты элементтерінің бірі – хор әншілерінің дауыс тазалығы болып саналады. Ол балалар хорының жас әншілеріне сол талаптың тау бұлағындай сыңғырлап таза орындалуына қол жеткізуде алдына жан салмайды. Осы тұста айта кетейін, Мақыш Зәйтқызының ерекше қасиеттерінің бірі – абсолюттік музыкалық есту қабілеті, ол жүздің бірінде кездесе ме екен?!

Ұстазымыздың жоғарыда аталған конкурстардағы жеңістері бұрынғы шәкірттері – жас буын хор жетекшілеріне шығармашылық ізденіс, талпыныс, сенім беріп сахна төріне жол салды. Оған дәлел, көп жылдар бойы облыс көлеміндегі көптен «тыныш» отырған БММ хор жетекшілері оқушыларын дайындап, 15-ке тарта хор ұжымдары жүйелі өткізіліп жүрген қалалық «Гармония» конкурсына қатысып, шығармашылықта бет бұрып, жыл сайын жаңа

бағдарламамен сахнаға шығып, өңірімізде хор өнерін насихаттауға үлес қосуда.

Мақыш Зәйтқызының тағы бір мақтанышпен айтатын жұмыстарының бірі – заман талабына сай қазақ тілінде оқу-әдістемелік құралдарын дайындауда алғашқылардың бірі болып, «Сольфеджио, музыка теориясы терминдері» құралын дайындауы. Кейінірек «Хорға, ансамбльге арналған өңдеулер», «Глоссарий», «Музыка теориясы» оқу құралдарын өз қаражатынан басапандан шығарды. Бүгінгі күнде бұл оқу құралдары республика көлеміндегі музыкалық колледждер, Консерватория, облыстық балалар музыка мектептерінің оқу үдерісінде қолданылуда. Бұл жұмыстардың жарық көруіне ондаған жылдар тынымсыз еңбек еткені айқын. Мәселен, «Музыка теориясы» оқу құралында әр тақырыпты нақты түсіндіре келіп, оған келтірілген музыкалық мысалдар таңдауда қазақтың халық әндерінен, қазақ композиторларының туындыларынан және Қазақстандық авторлардың шығармаларынан үзінділер зерделеніп, құрастырылған. Бұрын соңды жүз пайызды сөзі де музыкасы да қазақша оқу құралы болған емес. Бұл кітапты шығару үшін инемен құдық қазғандай ізденіс жасады. Республика бойынша осы оқу құралына сұраныс көбеюде.

Мақыш Зәйтқызы облыс көлеміндегі кәсіби хор өнерінің білікті, айтулы тұлғасы. Осы орайда көптеген конкурстар, фестивальдерде қазылар алқасында мүшесі, төрағасы ретінде жұмыстар атқарды. «Д. Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжінің Қорытынды мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы ретінде бірнеше рет шақырылды.

Мақыш Зәйтқызы адамгершілігі зор, терең білімді, іздемпаз, тұғыры биік ұлағатты ұстаз. Әр шәкірттің зердесін ашып, санасын дамытып, оларды музыка әлемінде, қоғамда өз орындарын табуға икемдей білудің құпиясын меңгерген кемел ұстаз дем танымын.

Әңгімемді тәмәмдай келе Әл-Фарабидің мына сөздері ұстаздардың – ұстазы, құрметті Мақыш Зәйтқызына арнайы берілген сипаттамадай: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жандында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарға да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Мақыш Зәйтқызын қазақ әйелі ретінде бейнелесем, қайсар мінезді, үлкенмен де, кішімен де сыйласа білетін, түздің де, үйдің де қызметін үйіріп әкететін, қолынан өнері тамған іскер, барлық ағайынтумаларының ақылшысы, ұлы Әлібектің асыл анасы, немерелерінің сүйікті әжесі.

Ұстаздың 80 жасқа толуына орай қоғамға, еліне, атқарған еңбектеріне бас ие отырып, зор денсаулық, шығармашылық шабыт, қажырлы қайрат, толағай табыс тілеймін!

Клара КИМАТОВА,

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,  
Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық  
Консерваториясының құрметті профессоры,  
«Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжі  
Хор дирижері және Ән салу ПБ меңгерушісі

# «ТЕЛЕДИДАР ҚАРАСАМ, ЖҮРЕГІМ АУЫРАДЫ»

Әріптесім Мақыш Ғайсинамен қазіргі «сахнадағы өмір» туралы әңгімелесе келіп, жастарға айтары көп кәсіби музыканттың жанайғайын жазбай кету мүмкін болмады. Оқырманға қысқартып ұсынып отырмын.

Біз, қазақ халқы мақтағанды, немесе мақталғанды жақсы көреміз. Оған келгенде мақталушыға небір сөздерді тауып айтып, сенбесіне қоймай, майын тамызамыз. Осы үрдістің соңғы жылдары музыка сала-сында кең етек жайғанына бәріміз куәміз.

Ендеше өмірі өнермен өрілген кәсіби хормейстер Мақыш Зәйтқызының әнші болам деген жастарға айтар сөзіне құлақ түрелік. Телеарналардан қаптап кеткен, көре-көре, тыңдай-тыңдай біздің сезімталдығымыз бен талғамымыз «үйреніп кеткен» талай жөнсіздіктен жаны ауырған музыкант сауатсыз әншісімақтар мен не айтып тұрғанын өзі түсінбейтін журналистердің сылдыр диалогтерін естіп отырып үнсіз қалуды жөн санамайды. Бұл тақырыпта Мақыш апаймен әңгіме өрбіткенде ол қынжыла, үлкен жүректен, ұстаздық, аналық, жанашырлық сезіммен мына сыни пікірлерін ортаға салды.

Біз, қазақ баласы дарынды, қабілетті халықпыз. Оны көріп те, көрсетіп те жүрміз. Бірақ... «әй дейтін әже» жоқ кезеңге тап болып отырмыз... Қазақ музыка өнерін жегідей жеп жатқан құбылыстар бар. Ең алдымен сауатсыздықты айтар едім. Әнші болуға бәрі құмар боп кетті. Сонша қаражат бөлінген додаларды бүкіл республика халқы көріп отыр. Сол

түспек түгілі, қазақ композиторларын, әлемге танымал классикалық музыканы, қарапайым нарселерді білмеуі қынжылтады.

Қазақта «Ұялмаған әнші болады» деген жағымсыз айтылған сөз бар. Ол қанша бақырса да әнші боп кетпейді, бірақ ұялмай сахнада жүре береді.

«Сын түзелмей мін түзелмейді», жап-жас баланы жөнсіз мақтап қоя бергеннен не ұтамыз? Бара-бара ол бала сын қабылдай алмайтын рухани мүгедек болады. Кейін ол әнші өзіне айтылған сынды соғысқа шақырғандай әсермен қабылдайтын болады. Басқаға баға беріп, әділқазы боп отырған, жиырма жыл ән айтқан музыканттан бір музыкалық терминмен айтылған сын жоқ. Тек жаттанды жалпы сөздер. Ол өзі қазақтың орындаушылық өнеріне қандай жаңалық әкелді? Сөйтіп отырып, «сенің орындағаның менің жүрегіме жетпеді» деп тоқмейілісіді. Ол әннің неге жүрекке жетпегенін музыкалық тұрғыдан түсіндіріп, дәлелдей алмайды. Дауысында не жетіспей тұр? Дыбыс тазалығы ма, дем ала білуі ме? Дауысы қойылмаған ба? Динамизм бе, әлде аранжировка ма? Әлде ән дауысқа лайық таңдалмады ма? Дем алу дұрыс па әлде демді үнемдеу болмады ма? Дыбыс алға қарай бағытталып тұр ма? Дыбыс мұрына кетіп қалды ма? Дыбыс тамақтан шығып тұр ма?...

Әйгілі музыкант Г.Дмитриевскийдің айтқаны бар, ең бірінші интонацияны жаса, одан басқасы қиын емес деп. Ал, мен айтар едім, интонация мен ырғақты жаса,



одан қалғаны қиын емес деп. Қазіргі «жұлдыздарда» музыкалық интонация жоқ. Ең басты нәрсе болмаса, сонда нені жасайсың? Жас қыздар бір сағаттық концертте 5-6 рет көйлегін көрсету үшін шығады. Қарап отырып тірліктерін аяйсың. Әрине, дауыстан мақұрым жан көрерменге көйлегін ғана көрсетсе керек!

Егер ол «жұлдыздар» аранжировкасыз, студиядағы компьютер көмегімен жанды дауыспен ән айтар болса көпшілік оларға жұмыртқа лақтырар еді! Өйткені, әдемі көйлегімен тыңдарманды ұзақ ұстай алмайсың. Тіптен, мұрына салып маңқаланып ән айтты «жақсы ән салу» деп есептеп, әдетке айналдырып жүрген әншілер бар.

Бұл мақаланы қазақ өнерінің, жастардың алдындағы айтуға тиіс парызым деп, ана, оқытушы, музыкант ретінде мамандығым алдындағы міндетім деп, жаным ауырып, қынжылыспен жүрген соң жазып отырмын. Өнер жанашырының жанайғайы деп қабылдаңыздар. Қазақ жастары айтары бар, беретін үлгісі бар саф өнер иелерін көрмей жүрген жоқ. Оларға бетбұрыс жасауға сіз бен біз түрткі болып, атсалысып, күнделікті көріп жүргенімізге бейжай қарамай, сергек болайық ағайын.

Сіз үндемесеніз, мен де жек көрінішті болмауды ойлап үнсіз қалсақ, сонда бұны кім айтады? Әлде өтірік мақтап, олардың «мінсіз» қабілеттері мен талғамдарына таңдай қағып жүре береміз бе?

P.S. Ойланайық, жастар. Бұл жарты ғасырдан астам тәжірибесі бар кәсіби музыканттың азаматтық үні.

**БАҚЫТ ТҰРМАҒАМБЕТОВА,**  
өнертану ғылымдарының кандидаты



жобалардың ұйымдастырушыларының алдындағы міндеті – халық әндерін жақсы насихаттау, жастардың музыкалық білім алуға құштарлығын арттыру және ол үшін орындаушылық шеберліктерін талдап, сынап, бағыт көрсету болу керек. Алайда, кәсіби музыкалық сауатсыздық орын алып жатады.

Телеарналардағы толып кеткен квартеттер, дуэттерде ең алдымен музыкалық сауаттылық жоқ, дыбыс мәдениеті, сахна әдебі туралы әңгіме айту да артық.

Кеше бір жап-жас қыз журналиске жеке концертімді берем деп тұр. Жанды дауыспен орындайсыз ба деген сұраққа, «иә, бірақ қорқамын» деп жауап берді. Өйткені ол заманауи техника арқасында әнші боп жүр. Дыбысы таза емес болса – компьютер тазалайды, ал орындалатын әнді іздеп қиналып қажеті жоқ. Өйткені бүгінгі композиторсымақтар квинта-секста аралығында бес-алты дыбыстың жиынтығынан тұратын әндерді шығарады. Не әуен, не форма не кульминация жоқ! Былайша айтқанда «әншіме әнім сай».

Дауысы да, түрі де, киімі де, мәнері де, айтатын әні де бір-бірінен аумап қалған қаптаған топтар көбейді. Конкурсардан соң сахна сыртында «мен жақсы орындап шыққан сияқтымын» дейді әншісімақ бала. Себебі ол сын да, мін де естімей шықты!

Квартет боп ән айту – төрт адамның қосылып ән айта салуы емес. Дуэт, трионың, квартет пен квинтеттің о бастан қалыптасқан заңды талабы болады. Ал қазақ жастары бірігіп алып, я бірге, я кезектесіп айтады! Бұл жай ғана топтар. Квартет – 4 дауысқа жазылатын партитура. 4 түрлі партия. Тіптен сахнада тұрып өз ойын жеткізе алмайтын жиырмадан асқан балаларымыз бар. Осы орайда кейбір Ресей музыкалық жобаларын көріп отырып таң қаламын. Кіп-кішкентай балалардың өзі айтып тұрған әннің шығарманың тарихын, композиторын, тіпті оны неге таңдағанын айтып береді. Өзінікін дәлелдей біледі. Өзінің пікірін журналиспен, қазылар алқасымен диалогта ұстай біледі. Ал мен көріп жүрген студент жастардың бұндай диалогқа



## ҮШ БАҚЫТЫМ

Адамзат баласы «бақыт» деген ұғымға әлі тұшымды түсіндірме ойлап таба алмай келе жатқандай көрінеді. Бірі – «бақыт деген – сәттер ғана» деп байлам жасаса, енді бірі адамның жаратылысына терең бойлап, жауапты ағзадағы зат алмасудан, дәлірек айтқанда, гормондардан іздеп кетеді. Анығында мұның дөп жауабын қазақтың маңдайына біткен мықтысы, ақиқат аламаньның арғымағы Мұқағали айтып кетті емес пе?

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің...

Иә...Тілеуін тілеп, күйін құйттеп, жоғын жоқтап, жыртысын жыртып жұрты болмаса, жұмыр басты, жұдырық жүрек пенденің қолынан бірдеңе келуі екіталай. Сайып келгенде, игерген білім, жиған тәжірибе де халқыңның игілігі үшін екені анық.

Атағыңның айға жеткені не керек, сен халқыңның, халық сенің қадіріңе жете алмаған болса? Жата-жастанып оқығаныңнан не пайда, түйгенің халқыңның кәдесіне жарамаса? Делебенді қоздырып, қиқулап отыратын елің болмаса, дүбірлі додаларда оза



шапқаныңнан не пайда?

Қуанышың қойнына сыймай, шаттықтан шөпкеңді аспанға атқаныңнан не қайыр, мұныңды бөлісер халқың болмаса? Айналып келгенде, соның бәрі кім үшін?! Ақынның айтпағы осы болса керек.

Қазақ о бастан халқының қамын бірінші кезекке қоя білген. Батасының соңын «Халқымыз аман, жұртымыз тыныш болсын!» деп қайыратыны да содан болар. Жұрт – жаныңның жалауы, алынбас қамалың. Жоқтаушы жұртың болмаса, бақытсыздық дегенің – сол.

...Ал екінші бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім...

Бір ғана түйе жануарының сексенге жетіп жығылатын атауы бар екені естігенде, қазағымның бір бақыты – ана тілі екеніне шүбәланбайсың. Не деген бай, не деген шұрайлы тіл десеңізіші?!  
Қазақ тілінің мөлдірлігі, тұнықтығы соншалық, сөзге шешен адамдарға құлақ түрсеңіз, таңдай қақпай отыра алмайсыз. Өткірлігі де бір төбе. Бір ауыз сөзбен-ақ нүкте қоюға қауқарлы салмақтылығы тағы бар. Оның байлығын сөз зергерлері Ғабит, Оралхан, Ілиястар да түгесе алмаған ғой, шіркін?!

Ғабит Мүсіреповтың: «Тіл сөйлеу – сөйлесу, оқу – үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс» деген сөзі бар. Жасыратыны жоқ, соңғы кезде тілімізге көп қиянат жасалды. Дүбэралап, шұбарлап, барымыздан айырылуға шақ қалдық. Себебі айтпаса да түсінікті. Ақыры «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін!» деп ұрандатын халге жеттік.

Тіліміздің халықаралық тілдердің табанында әбден тапталып қалмай, бүгінге аман жеткені шұрайлы болғанының арқасы болар деп те ойлаймын. Өкінішке орай, бүгінгі қолданыста ол қасиеті сирек байқалады. Қасаң, жұтаң қазақшаға тап болдық. Шүлдірлеп орысша сөйлегендерін абырой көретін адамдар бар. Тіпті, кейбіреулер үшін қазақша тілдесу «сәннен» қалған. Анағұрлым заманауи көрінгісі келген кісінің орайы

келсін-келмесін орыспалай жөнелетін үрдіс бар.

Мұхтар Әуезовше айтсақ, «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ болады». Өткен ғасырда айтылған пәлсапа болса да, әлі де өзекті. Сорақысы – сол тілді бақытқа баламақ түгілі бір ауыз сөз айтуға жарамайтын сыңаржақтардың көптігі.

Бағасын білгенге ана тіліміз – зор бағымыз. Осы тілде жазылған рухани байлығымыз – баға жетпес мұра. Бұл – пафос емес, шынайы пайым. Соңғы кезде қазақша сөйлеуді қайтсек трендке айналдырамыз деген ой ма-залайды. Ондай күннің туарына да сенім кәміл.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!  
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.

Туған Отаныңның төрінде алаңсыз сауық-сайран салып жүргеніміздің зор бақыт, шексіз нығмет екеніне осыған зар замандастар туралы естігенде илана түсемін. Қаншама адам Отанынан безіп, туған топырағын бір иіскеуді армандап жүр...



## БЕСЦЕННЫЙ ОПЫТ

Стажировка в вузе – это этап обучения, когда студент применяет теорию, навыки и знания, полученные во время обучения, закрепляя их на практике. Стажировка является обязательной частью программы высшего образования. Она является одним из эффективных способов подготовки квалифицированных кадров. Благодаря заведующей кафедры Журналистики и моему куратору М.Т. Мукашевой, мне повезло пройти свою первую стажировку в другом городе.



Я закончила 1 курс по специальности «Журналистика и информация» в Атырауском университете имени Х.Досмухамедова. Прошла стажировку в университете КазНУ в городе Алматы, выбрав направление сайт. Для меня работа с сайтом это что-то новое, так как до этого у меня не было никакого опыта работы в этой сфере. И выбрав это направление, я не ошиблась. Было очень интересно работать в этом сфере деятельности с дружным коллективом пресс-службы университета. Благодаря стажировке студенты могут показать свои способности на деле и приобрести от специалистов что-то новое, что они могут в дальнейшем опробовать в будущем. Помогают студенту понять, правильный ли выбор он сделал, правильную ли профессию он выбрал.

Стажировка – уникальная возможность познакомиться с мировыми стандартами и принципами ведения работы. Наличие такого опыта высоко ценится работодателями и увеличивает шансы будущего выпускника найти хорошую работу сразу после окончания вуза.

Саида ЖИЛКИШИЕВА,  
студентка 1 курса кафедры журналистики



## СІЗ ҚАЛАҒАН МАМАНДЫҚ

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деп халқымыздың ұлы ақыны, қара сөздің хас шебері Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» атты дүниенің табалдырығын аттағаннан кейін өз орнын табуға тырысады, яғни өседі, өнеді, «еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші, қалаған мамандықтарының қызығын көреді. Сол мамандықтың қызығын көру үшін үлкен белестерден өтіп, қиындыққа тап боласыз. Соның бәріне шыдамдылық және батылдықпен жете білсеңіз, үлкен белестерге жетіп төбеңіз көкке көтерілер еді. Әр уақытта шыдамдылық таныта біліңіз. Мүмкін, барлығы сіз қалағандай болмайтын болар, алайда, әр іске нық қадам жасап, сабырлы болсаңыз, сіздің қолыңыздан бәрі келетініне сенімдімін. Өмір өзі сынақтан, қиындықтан тұрады. Соның бәрімен мойымай күресе білсеңіз, сіз қалаған маман иесі алдыңыздан-ақ шығады. Жоғарыда айтылған сөздеріме бір мысал келтірейін. Менің өмірімдегі ең үлкен қорқыныштардың бірі – ұлттық бірыңғай тестілеу болған. Иә, әрине жай ғана өмірдің кішкентай ғана сынағы болатын. Бірақ, оның алдындағы қорқыныш мені іштей жеген. Шыны керек, қатты қорыққаным соншалық, сабырлық пен батылдық атаулыны сол кезде жоғалттым. Алайда,

уақыты жақындаған кезде бойымдағы қорқыныш сезімін алшақтаттым да, сабырлы болып, батылды бола бастадым. Сол қорқынышты жеңгеннің арқасында қалаған ұпайымды жинадым. Өзіме сенімді болдым да, сол жерге кірер алдында нық қадам бастым.

Көрдіңіз ғой, әр істі бастар алдында сізге кедергі болатын сезімді ысырып, тек сабырлық танытсаңыз, сіз қалаған маман иесі боласыз. Сабырлы болыңыз және өзіңізге сеніңіз!



Әсем Мырзағалиева,  
2 курс студенті

## ОБУЧАТЬ, ЗНАЧИТ ВДВОЙНЕ УЧИТЬСЯ

Вот и наступило первое воскресенье октября, а это значит, что уже скоро мы будем отмечать - День учителя. Это важный праздник, когда все мы можем поблагодарить своих наставников за их труд и терпение. Учителя — это значимые люди в жизни каждого человека. Именно учитель вкладывает в тебя то, что потом послужит стержнем в твоём будущем. О профессии учителя и образовании Казахстана я поговорила со студентом 4 курса Атырауского университета имени Х. Досмухамедова факультета полиязычного образования Дмитрием Срыбных.



Сейчас в Казахстане острая нехватка педагогов, почему же? В нынешних реалиях учитель перестал быть престижной и благодарной профессией. Родители в первую очередь винят преподавателя в плохой успеваемости детей, но в то же время за заслуги похвалу получают ученики, а учителя не достают простого, но такого волшебного слова «спасибо». Большинство детей относятся к учителям с неуважением, как к должному. Вся ценность учителей, как и знаний приходит только спустя годы. В первую очередь, когда мы думаем о профессии учителя, на ум приходят слова: стресс, маленькая зарплата, тяжелая работа. Правительство пытается завлечь молодежь поступать на педагогические профессии, поднимая заработную плату, повышая стипендию и увеличивая количество грантов.

**– Почему ты решил стать учителем?**

– Мне нравится вести за собой людей и руководить ими. С детьми я могу хорошо проявить это.

На данный момент улучшению школьного образования уделяется большое количество внимания и финансирования. И трудности пропадают не зря, школьники выступают на республиканских олимпиадах

и возвращаются с победами, ежегодно увеличивается количество обучающихся, сдающих экзамены IELTS и SAT. Меняется и подход к образованию. На смену простому усвоению и воспроизведению информации должно прийти развитие критического мышления, анализ и креативность. Вводятся новые предметы, которые больше подходят под современный мир.

**– Что ты думаешь о нынешнем образовании?**

– Я очень недоволен состоянием школьного образования Казахстана. Вместо того, чтобы брать пример с европейцев, стоило бы взять за основу советское образование. К сожалению, множество учителей не квалифицированные люди, которых стоит отстранить.

С 2018 года было введено национальное квалификационное тестирование, которое проводится раз в 5 лет, с его помощью оценивается уровень компетенции педагогов. Это также способствует улучшению образования.

**– Как, по-твоему, можно поднять уровень образования в Казахстане?**

– Я бы уделил больше внимания интернатам. Потому что для детей общение с родителями во время школьного обучения – опасно. Часто родители ничего не понимают в педагогике и воспитании ребенка, что может навредить. Пусть лучше ребенок живет под присмотром специалистов, а родителей видят по выходным.

В действительности, родители часто жалеют детей. Бывает, когда родители делают домашнюю работу за учеников или полностью игнорируют ее, разрешая своим детям не выполнять задания. Также дома присутствует множество отвлекающих факторов, которые плохо сказываются на внимании ребенка к учебе.

В интернатах дети находятся под постоянным присмотром и за счёт этого получают больше внимания от учителя. В такой ситуации учитель по-настоящему становится твоим наставником. Но также есть большой минус, дети

остаются без внимания родителей, что может плохо сказаться на состоянии ребёнка.

**– Какие методы стоит использовать для заинтересованности детей в знаниях?**

– Крайне маленькое количество детей понимают, зачем нужно учиться. Поэтому большинство остается лишь «бить палкой» и никак по-другому. Спустя время они поймут, насколько это важно, но пока это самый действенный способ.

Мне хотелось бы верить, что это мнение ошибочное и детей можно заинтересовать учёбой и саморазвитием другими методами. Объясняя доступно, как оно пригодится в дальнейшей жизни. Возможно, где-то превращая учебу в творческую игру, чаще хвалить детей за их маленькие победы и не требовать от них сразу прыжка выше головы. Можно рассказывать одну и ту же информацию двумя разными способами, и дети будут реагировать на нее по-разному. Я не так давно окончил школу и могу вспомнить учителей, чьи уроки увлекли благодаря хорошему преподнесению материала.

**– Что тебя пугает в твоей профессии?**

– Мне страшно столкнуться с учениками, которые могут оказаться умнее. К ним придется искать другой, особый подход, но пока я не представляю какой.

В таких учениках можно найти мотивацию на развитие себя, ведь нет ничего зазорного не знать чего-то. Как говорил Жозеф Жюбер: «Обучать — значит вдвойне учиться». С такими детьми придется прилагать в два раза больше усилий, но на этот раз пользу получают обе стороны.

**– Какими навыками должен обладать современный учитель?**

– Отсутствием догматичности, дисциплинированностью, адаптированностью, пониманием и гибкостью. Учитель всегда должен продолжать учиться. Учитель всегда должен оставаться учеником.

Алена СОЛОДОВНИКОВА, студентка 3 курса



## НЕЖНЫЙ И ЯРКИЙ МИР ЦВЕТОВ

В преддверии Дня учителя все школьники и их родители начинают думать о том, какие цветы выбрать для любимой учительницы. Каждая собранная композиция неповторима, несет в себе некий смысл. При этом не только важен сорт экзотических растений, но и цвет.

Строгих ограничений при выборе цветка нет, однако каждый цветок несет в себе разное послание, и стоит это учитывать.

Тюльпаны – теплое уважительное отношение. Розы – считаются символом любви.

Нарциссы – подарят хорошее настроение. Ирисы – дарят сильные личностям. Но и будет лучше выбрать букет, дополненный декоративной зеленью.

Если хочется купить букет, состоящий из экзотических цветов, а скажем наш учитель больше любит ромашки или же орхидеи, то можно будет остановить выбор на композиции, которая удачно их сочетает.

Для выражения уважения подойдут красные и алые букеты. Любовь к своему учителю можно выразить белоснежными композициями или же яркими желтыми цветами, а также еще этот цвет символизирует благополучие, оранжевый символизирует силу и власть, фиолетовый – роскошь. Благородство и спокойствие вам покажет, благородный зеленый.

Если задуматься о монохромных букетах, то они смотрятся специфически, например, как тюльпаны, и внесут пикантную нотку. Другие не менее важные моменты, это принимать во внимание возраст своей учительницы – преподавателя.

Учителям от 20 – 30 лет лучше дарить букеты из тюльпанов, гортензий и гипсофил.

Женщинам среднего возраста следует дарить такие цветы как ромашки, альстромерию, орхидею и кустовую розу.

Нашим учителям, пересекшим рубеж 45–50 лет, можно преподнести лизиантусы, розы, лилий или хризантемы.

Аружан Ергалиева, студентка 3 курса

## НИЗКИЙ ПОКЛОН ВАМ ЗА ТРУД И ТЕРПЕНИЕ

День учителя - общий праздник, праздник всех поколений. Воспоминания о школьных годах, об образе любимых и уважаемых учителей сопровождают нас в течение всей жизни и побуждают только к благородным поступкам, служат опорой в трудную минуту. ... Все мы чьи-то сегодняшние или бывшие ученики. Порой, только повзрослев, мы начинаем понимать каких усилий и нервов стоит труд педагога.

В школе №5 имени Г.Мусрепова, которую я закончил несколько лет назад сложилась хорошая традиция.

В этот праздничный день везде видны цветы, у входа живой коридор, улыбающиеся дети и очень добрые учителя. С утра они принимают поздравления от учеников и их родителей. Потом на праздничном концерте будут звучать песни в исполнении учащих, опытным учителям вручают грамоты за педагогические заслуги, а молодые педагоги обещают «верой и правдой!» служить своему делу.

Любимой школе больше полувека! Срок немалый. Какой огромный путь пройден за эти годы, сколько решено задач, сколько покорено вершин. Школа смело шагнула в возраст мудрой зрелости и смотрит на своих учеников любящим взглядом заботливой матери. Огромное количество детей было выпущено во взрослую жизнь

Историю школы, ее престиж создаются трудом педагогов и учеников. От личности директора школы, преподавателей, от их профессиональных и человеческих качеств зависит дальнейший жизненный путь ученика. От этого зависит успех дела

В преддверии этого замечательного праздника хочу тоже присоединиться к поздравлениям и пожелать успехов в труде и благодарных учеников, крепкого здоровья всем учителям, но в первую очередь моей классной руководительнице Медеуовой Гульнар Алимовне, учителю русского языка и литературе Усмановой Светлане Вавиловне, учителю истории Менжановой Марзие Мусаевне, преподавателю математики Панабаевой Гульшаре

Шантемировне, учителю английского языка Нурмановой Галие Мадатовне. И конечно, не могу обойти поздравлениями мою старшую сестру, учителя начальных классов Давыдову Анастасию Николаевну, работающую тоже в школе №5.

С праздником Вас, дорогие учителя!

Георгий ШАПОШНИКОВ, студент 3 курса



## НОСТАЛЬГИЯ ПО ЛЮБИМОЙ ШКОЛЕ

На днях я поймала себя на мысли, что с грустью вспоминаю свою старую школу. Самые важные годы своей жизни человек проводит в школе. А вот теперь, когда я оказалась за школьным порогом, точно знаю, что школьные годы самые чудесные.

Училась я в школе №6 имени А.С.Пушкина в городе Кульсары. В школу я пошла в семь лет. Чувство страха переполняло меня. Я помню этот первый день, как сейчас. Мне тяжело охарактеризовать такую весомую часть моей жизни одним словом. В школе у меня формировался характер, складывалось мое отношение к миру. Были конечно и сложные периоды: комплексы, первая влюбленность и так далее. Маленькая ты становишься крошечной частичкой большого организма, который зовется школа.

Я все еще помню запах пыльного школьного коридора, где по переменам мы бегали и дурачились с подругами. Помню запах свежих пирожков, исходящих из буфета. Школа подталкивала меня на поиски себя, своего места в обществе и пути по жизни. Мне повезло с учителями. Не хочу говорить много высокопарных слов, это лишнее. Есть одно искреннее человеческое спасибо. Школьные годы промчались, как мгновение. Именно школа помогла мне пройти подготовку к самостоятельной жизни, дала мне знания, пригодившиеся в жизни для решения важных трудностей. И сейчас я стала по-другому смотреть на жизнь, я поняла многое. Я поняла то, что время летит очень быстро и безвозвратно и что-то изменить, исправить больше нельзя, поэтому нужно ценить каждый миг, людей, которые тебя окружают.

Жанат КАРАГОЖИЕВА, студентка 3 курса

# ҰСТАЗДАР ӘУЛЕТІНІҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың 16 наурызында жарияланған «Жаңа Қазақстанды» құру стратегиялық жоспарын ғылыми зерделеп, саяси салмағын халық арасында насихаттап жүрген ғалым Сайполла Жұмабайұлы Сапанов десек артық болмас.

Атырау өңіріне белгілі ұстаздар Сапанов Жұмабай мен Әсия Кәрімқызының отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленген Сайполла Жұмабайұлының азаматтық болмысының қалыптасуында аға-апалары, қадірменді ұстаздар Латип, Мағиялардың қолтаңбалары бар. Сайфулла Жұмабайұлы 1989 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірді. 1989 жылы Гурьев педагогикалық институтына оқытушы болып қабылданып, 1991 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Жалпы тарих» кафедрасының аспирантурасына түседі. 1992 жылы ҚазМУ-нің тарих факультетіне оқытушылық жұмысқа қабылданады.

Ұстаздар әулетінде тәрбиеленіп, ұстаздық жолын таңдаған, білім беру саласында талай жыл аяңбай еңбек етіп, өңіріміздің ғылым мен білімін дамытуға өзіндік үлесін қосып жүрген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Сайполла Жұмабайұлы Сапановтың 60 жылдық мерейлі белесінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің орны ерекше. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, нығаюында сыртқы саясат маңызды рөл атқарады. Егемендік алғаннан кейін мемлекет басшылығы алдында сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын толыққанды дипломатиялық мамандар дайындау міндеті тұрды. Бұл күрделі міндетті орындауда аталған оқу орнындағы халықаралық қатынастар факультетінің орны мен ролі ерекше. Сыртқы саясаттың қыры мен сырына кәсіби машықтанған жүздеген мамандар дайындалды. Олар мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымын нығайтуға үлкен үлес қосып келеді. Факультет тарихы Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінен бастау алса, оның өсіп және жан жақты толығында жерлесіміз Сайполла Жұмабайұлы Сапановтың да ойып тұрып алар орны бар.

Бүгінде кейіпкеріміздің «альма-матеріне» айналған



халықаралық қатынастар факультетінің түлектері еліміздің СІМ, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі, құқық қорғау органдарында, коммерциялық құрылымдар мен қоғамдық және халықаралық ұйымдарда, ғылым мен білім саласында еңбек етеді. Олардың қатарында Е.Ашықбаев, М.Нұртілеу, Е.Қонысбаев, И.Мамашева, А.Қарбозова, А.Орысариев, М.Әуезов сияқты арнайы дипломатиялық білімі мен тәжірибесі бар кәсіби мамандарды атауға болады.

Дипломат – киелі мамандық. Дипломат мамандығы өзінің жұмбақ әрі жан-жақты мүмкіндік қырымен қызықтыратын сала. Дипломат өз елі мен оның азаматтары мүддесіне қызмет көрсететін өкілетті тұлға, елшілік қызметкер.

Дипломаттарды дайындау, ғылым негіздерінен мәлімет беру – қасиетті әрі қиын міндет. Болашақ дипломаттарды Отанды сүюге, адамдыққа, адами тазалыққа, ізгілікке баулу – ұстаздың басты парызы. Ал, ол үшін ұстаз заман ағымына сай креативті, жаңа технологияны меңгерген, білімі мен білігі жоғары болуы міндетті. Мерейтой иесінің осындай әмбебап қасиеттерді бір бойына жинақтаған ұлықты ұстаз екенін мақтан етеміз.

С.Сапанов 1995 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Ғылыми Кеңесінде саясаттану мамандығы бойынша «Қазақстандағы саяси сананың қалыптасуы мен да-

муы» тақырыбында кандидаттық диссертация, 2009 жылы халықаралық қатынастар және сыртқы саясат мамандығы бойынша «Европалық интеграция жағдайындағы Францияның саяси жүйесінің даму тарихы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

Сайфулла Жұмабайұлы 1995 жылы Мұстафа Шоқайдың Франциядағы «Шығыс тілдері мен мәдениеттерінің ұлттық институты» архивінде жинақталған деректер негізінде алғашқылардың бірі болып ғылыми еңбек жазды. Қазақ ғалымдары арасында Франция үкіметінің жәрдемақысын иеленіп, 1995-1996 жылдары және 1999-2000 жылдары екі рет Ренн университетінің «Саяси және әкімшілік зерттеу орталығында» ғылыми тәжірибеден өтті.

Оның 2015 жылы Кореяның Ханьян университетінде жарыққа шыққан «ҚХР Орталық Азиядағы стратегиясы» монографиясы мен 2016 жылғы «Делимитация и демаркация казахстанско-китайской границы» еңбектері, бүгінде халықаралық қатынастар мамандығын игерушілерге таптырмайтын қазына болып есептеледі. Сонымен қатар, қазақтың зар заман ақыны Мұрат Мөңкеұлы, алғашқы ҚазАССР ішкі істер министрі Абдрахман Айтиев, академиктер Зейнолла Қабдолов, Мардан Сапарбаевтар жайындағы, сондай-ақ, «Нефтяной фактор в региональной политике» атты еңбектері – ғылымдағы үлкен жетістік.

Сайфулла Жұмабайұлы 2017 жылы туған өлкесіне оралып, 2018 жылдан бастап, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Х. Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институты» директоры қызметін атқарады. Қазірде ғалымның өлке тарихын жаңаша бағытта зерделеуге қосып отырған үлесі де өте қомақты. Әріптесіміз мерейлі жасын қарсылау кезеңінде шығармашылық табыстармен, жаңа зерттеулермен атап өтетініне сенім мол.

Лесқали Бердіғожин  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Дана Алипова  
«Қазақстан және дүниежүзі тарихы»  
кафедрасының меңгерушісі

Біздің түлек



## МАҚТАНЫ АТЫРАУДЫҢ АЛЫП АҒАЙ

«Еңбек ардагері», «Егемендіктің 10, 25 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ы.Алтынсарин» атындағы, «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» медальдарының иегері, республикаға аты белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының және Журналистер Одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдарының академигі Қадыр Өтегенұлы Жүсіп деген есімді алғаш қашан, қайдан естідім?

Аты алты құрлыққа танымал тау тұлға қазақы сөздің қаймағын қалқып теледидардан сөйлегенде әр сөзіне тамсана қараушы едім. Ол кезеңде мен оқушымын. Даналығы дараланған дара тұлғаны бір көріп, оның ғибратын есту үлкен арман болатын. Осы бір арманым 2012 жылы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға түскенде орындалды. Қасиетті қара шаңыраққа ажарлы, әр адымын ақылмен басқан, ерекше бір сәулелі, жүзі күлімдеп тұрған бір үлкен адам келе жатыр... иә-иә, дәл мен армандаған атақты адам...

Уақыт өте келе белімді бекем буып, ол кісінің алдына бардым. Бар ойым-шәкірті болу... өзінің ізін қуып, ғылымның көгіне өрмелеу... Барғаным сол еді, байыппен мені тыңдай келе, ұстазы З.Қабдолов туралы терең толғанып, жүрекке жылы естеліктер өрбітті...шәкірттеріне қашанда құшағы ашық ғұламаның жетекшілігімен дипломдық жұмыс қорғадым.

Аристотельден кейінгі ғұлама ұстаз ретінде құрметке ие болған Әл-Фараби бабамыз «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жадында сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, жаны жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсететін, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген екен. Осы сөздің қаншалықты

дәл айтылғанын Қадыр ағайдың өмірдерегімен танысқан әрбір жастың көз жеткізері анық.

Ал Қадыр ағаның жетекшілігімен ғылымға келген жаңа буын ғалымдардың тұтас шоғыры қалыптасып, отандық ғылымды дамыту жолында тер төгіп келеді. Олар туралы айтсақ, сөзіміз тіптен ұзап кетпек. «Еліміз!» деген бір азамат үшін, еңдей барлап, көктей шолып айтылған осы еңбектердің өзі аңызға айналған ғажайып ерліктерден несі кем?! Тек көре білетін ел, бағалай білетін қоғам болса, қане?!

Бұған не алып, не қосуға болады? Бар білім-білігін, қабілет-қарымын инемен құдық қазуға арнаған өмір, жанкешті жұмыс істеген жылдар және оның жемісін көруді ғана қоссақ жеткілікті.

Жақсының жақсылығын дәріптеу, адамның ел үшін еткен игілікті істері мен мұрасын кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету – ежелгі ел дәстүрі. Олай болса, ұстаз есімін мәңгі ұлықтап, игі мұратын ілгері дамытудың шараларын жүзеге асыру ойластырылуға тиіс. Халық батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақты ұстаз тәрбиелейді, болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді» деген сөздері осындай өмірден өзінің мәртебелі орнын тауып, ел қажетіне жараған, бала жанының бағбаны бола білген Қадыр ағай сияқты азаматтарға лайық.

«Біздің тарих – ол-дағы қалың тарих, оқулығы жүп-жүп бірақ-тағы...» деп Қадыр ақын айтқандай, бардың бағасын біліп, халқының жоғын іздеп, тарихын түгендеп, қалыңдатып жүрген ғалымның, оның ішінде мыңжылдықтармен сөйлесетін ғалым еңбегінің де мың жасайтынына шүбә жоқ!

Ұлан ИМАНҒАЛИЕВ,  
Қазақстан Педагогика ғылымдар  
академиясының мүшесі, Халықаралық  
инженерия, экология және педагогика  
ғылымдары академиясының мүшесі

## ӘРБІР ҰСТАЗ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Әр адамның өмірінде ерекше із қалдыратын адамдар болады. Осындай ерекше адамдар мен үшін ұстаздар. Себебі, ұстаздар ұлттың болашағын тәрбиелеп отырған мәртебелі мамандық иелері.

Үлкен өмірге қанат қағуыма себеп болған әр ұстазым туралы ерекше атап айтуға болады. Мектептегі өмір, жоғары оқу орнындағы өмір – қарап отырсақ, мұның барлығы өз алдына бір белес.

Менің студенттік өмірімнің өзі қызық болды. Алғашқы үш курсымды Қостанай облысындағы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында оқыдым. Қазақ тілі және әдебиеті мамандығына оқып жүріп, студенттік газет шығаруға атсалысқаным бар. «Шамшырақ» деп аталатын қосымша газетіміз «Арқалық хабары» атты қалалық газет ішінен жарияланып жүрді. «Шамшыраққа» әзілдер жазып, институт ішінде кәдімгідей танымал болдым. Кейін соңғы курсымды Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде аяқтадым. Өзгерістер, жаңа ортаға тез бейімделуіме осы қара шаңырақтағы ұстаздарымның ықпалы көп болды.

Ұстаздарым Шаридияр Асфендиярұлы, Қадыр Жүсіп, бүгінде марқұм болған Сәндібек Ғұбайдуллин ағайларымның ролі ерекше. Айсұлу Тәжіғалиқызы апайымды әр студентке деген жанашырлық қасиеті үшін айрықша құрмет тұтамын. Бүгінде журналистика саласында жүріп, үлкен тәжірибе жинақтауыма, өзімнің шығармашылық жолымды қалыптастыруыма осы ұстаздарым ерекше ықпал етті деп айта аламын.

Мереке құтты болсын, құрметті ұстаздар! Отбасы амандығын тілеймін! Елімізге қызмет ететін саналы шәкірттеріңіз көп болсын!

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,  
журналист, Ақпарат саласының үздігі,  
«Халық алғысы» медалінің иегері.



**ҚОҒАМДА МҰҒАЛІМ ӨЗ МӘРТЕБЕСІН  
САҚТАП ҚАЛДЫ МА?**

«Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер» деген қазақтың сөзі ұстазға деген үлкен сыйластық, құрмет тұтқан қағида екені анық. Қоғамдағы ең жоғарғы мәртебе ұстаз қауымына тиесілі болуы – қоғамның ғылым-білімге деген саналы көзқарасы. Ал ғылымға деген немқұрайлы көзқарас қоғамның дамуын артқа тартатыны баршамызға белгілі. «Ұстазға құрметсіздік – ғылымға құрметсіздік» демекші, әлемдік ЮНЕСКО ұйымының 1966 жылғы мұғалім мәртебесі жөнінде «Мемлекеттерге мынадай норманы қарастыру қажет. Егер педагогтің басы дауға қалатын болса, оған байланысты дау, тергеудің барысы және ол жөніндегі қабылданған шешімді жариялауға рұқсатты тек педагогтің өзі беруі керек» деп айтылған ұсынысы мұғалімдерді құқықтық жағынан ерекше қорғайтын норма болып табылады.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов жаңа оқу жылының қарсаңында педагогтердің республикалық тамыз конференциясының пленаралық отырысында Мемлекет басшысының білім мен тәрбиені дамытуға ерекше мән беріп отырғандығына баса назар аударды. 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында Президент білім беру саласында педагогтердің білікті болуы маңызды екендігін айтты. «Педагог мәртебесі туралы» Заңды табысты іске асыру педагогтің беделін арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде мұғалімдер өз еңбектері үшін лайықты жалақы алады. Нәтижесінде мектептің үздік тұлғалары мамандық таңдау кезінде педагогикалық бағыттағы мамандықтарға басымдық беретінін көріп отырмыз. Қазіргі таңда мұғалім – әлемдегі ең құрметті және маңызды мамандықтардың бірі. Ең бастапқы білімді, біліктілікті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыратын да осы мұғалімдер. Ал келесі оқу жылынан бастап үш ауысымда білім беретін мектептерді қоспағанда, барлық білім ордаларын бес күндік жұмыс форматына көшіру туралы шешім қабылдауы бекер емес. Бұл мектеп директорларына да, мұғалімдерге де және барлық қызметкерлерге де қатысты. Мұғалімдердің сенбі күні демалуына, балаларының қасында көбірек болуына оларға мол мүмкіндік тудырады. Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі. Ол болашақ президенттің, ғарышкердің, инженердің, ғалымның, мемлекетіміздің кез-келген азаматының өмір жолына жолдама беретін тұлға. Қабылданған заңды қай жағынан алсаңды да, саяси және әлеуметтік мәні терең, ауқымы үлкен. Иә, қазір бәсекелестіктің, дамыған технологиялардың заманы. Әлемдегі жаңашылдықтың бәрі осы білім-ғылым арқылы жүзеге асатыны белгілі. Ең бастысы, білімнің қайнар көзі ғылымның дамуына едәуір септігі... Әлемдегі жаңашылдықтың бәрі осы білім-ғылым арқылы жүзеге асатыны белгілі. Ең бастысы, білімнің қайнар көзі ғылымның дамуына едәуір септігін тигізетіні сөзсіз. Ғылым дамыса, қоғам да дамитыны шындық.

Біз, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымы, «Педагог мәртебесі» Заңын толық қолдаймыз және болашақ ұрпақтың білімді болып қалыптасуы үшін аянбай жұмыс істейміз. Студенттерімізге сапалы білім беріп қана қоймай, өзіміз де үздіксіз тал бесіктен – жер бесікке дейін білімімізді жалғастырып, ұстаз деген ардақты атымызды абыроймен арқалаймыз деп зор сеніммен айта аламыз. «Алты Алаштың баласы қосылса, төр – мұғалімдікі» деп Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев өткен ғасырда айтқан сөздерінен мұғалім мәртебесінің ерқашан жоғары тұратынына сеніміміз зор. Содан бері қаншама уақыт өтсе де, бұл асыл сөз өз құндылығын жоғалтпай келеді.

**Бақытгүл АБЫКАНОВА,**  
**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры**  
**Гүлдана БЕКОВА, магистр аға оқытушы,**  
**жастар ғылыми кеңесінің төрайымы**

**МАҚТАУЛЫ ШӘКІРТТЕРІҢІЗ  
КӨП БОЛСЫН!**

Ұстаздар мерекесінде тәлімгер-ұстазым «Психология және педагогика» кафедрасының доценті, «Ы.Алтынсарин» төбелгісінің иегері, майталман ұстаз Айдар Рамазанұлы Сабыровқа алғыс білдіргім келеді. Әрдайым уақытын аямай, ғылыми бағытта кеңесін бере білген Сіздей ақылшы ұстазыма шексіз ризамын.

Ұстаз атты ұлы есімді арқалап, Білім үшін талабыңыз қатал-ақ. Әділдікті биік қойған бәрінен, Жүзіңізден төгілген нұр, шапағат. Жаңашылдық ашады жан сарайын, Сізді алтын қақпасына балайын. Құттықтауға шәкірт лебіз арнасын, Бар жақсыны өзіңізге таңайын. Жаратушым саулық берсін қуатты, Білім беру ең игі іс сауапты. Бастан ауып кетпейтұғын бір сәтте,

Сізге бақыт нәсіп етсін тұрақты.  
**Ақтолқын ҚОЖРАҚОВА**  
**«психология және педагогика»**  
**кафедрасының аға оқытушысы, магистр**

**АЙДАР АҒАЙҒА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ**

Әр жыл сайын ұстаздар мерекесін қуанышпен қарсы аламыз. Өйткені, өмірде ұстазға тең келер ешкім жоқ.

Ұстаздар мерекесінде тәлімгер-ұстазым «Психология және педагогика» кафедрасының доценті, «Ы.Алтынсарин» төбелгісінің иегері, майталман ұстаз Айдар Рамазанұлы Сабыровқа алғыс білдіргім келеді. Әрдайым уақытын аямай, ғылыми бағытта кеңесін бере білген Сіздей ақылшы ұстазыма шексіз ризамын. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Шәкірттеріңізді оқытып, тәрбиелеуде қанатыңыз талмай, қажыр-қайратыңыз қашан да арта берсін!

Ұстаз атты ұлы есімді арқалап, Білім үшін талабыңыз қатал-ақ. Әділдікті биік қойған бәрінен, Жүзіңізден төгілген нұр, шапағат. Жаңашылдық ашады жан сарайын, Сізді алтын қақпасына балайын. Құттықтауға шәкірт лебіз арнасын, Бар жақсыны өзіңізге таңайын.

Жаратушым! саулық берсін қуатты, Білім беру ең игі іс-сауапты. Бастан ауып кетпейтұғын бір сәтте, Сізге бақыт нәсіп етсін тұрақты. Мерекелік лебізін жолдаушы шәкірті:

**Ақтолқын ҚОЖРАҚОВА,**  
**«психология және педагогика»**  
**кафедрасының аға оқытушысы, магистр**

**СЕНІМДІ АҚТАУҒА ТЫРЫСАМЫН**

Мен қазіргі таңда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 3 курс студентімін. Университет қабырғасында ұстаздарымыздан 3 жыл білім алып, жарыстарда алдыңғы орындарды иелендім. Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Жырласам ба екен» атты шығармашылығынан онлайн өнер-білім байқауына қатысып «Аспапта ойнау» жанры бойынша бірінші орынға ие болдым. Мені бұл жарысқа дайындап, сенім білдірген ұстазым Мұхаддас Ғабдиев еді. Кейін кафедрамызда ғылыми мектеп ашып, студенттерді ғылымға үйретіп жүрген ұстазым Бақыт Жолдыбайқызы Тұрмағамбетованың ықпалымен «ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, жақсы баяндама жасағаным үшін ІІ дәрежелі дипломмен марапатталдым. Мені осы жарыстарға қатыстырып, өзіме үлкен сенім артқан ұстаздарыма алғысымды білдіремін. Өзімнің де алға қойған біршама мақсаттарым бар. Ұстаздарымның көмегімен алдағы өмірде үлкен жетістіктерге жетемін деп үмітенемін және шәкіртін білім нәрімен сусындатқан, өз білгенін барынша үйретіп, екінші анасындай болған ұстаздарымызды төл мерекелерімен құттықтаймын.

**Нұрзия АЛПАМЫСҚЫЗЫ,**  
**«Музыка» кафедрасының**  
**3 курс студенті**

**ҮЙРЕНЕРІМ КӨП ӘЛІ**

Шәкірттеріңіз алға озып, қай бәйгеде болсын бәс бермеуін, білімнің биігіне шығуы үшін тырысып жүретін ұстаздан аса жанашыр халық жоқ қателеспейміз. Мен де өзімнің ұстаздарым жөнінде ой қозғағым келеді. Мектептен түлеп ұшып, университет қабырғасында студент атана жүріп, шын мейірілі, кең пейілді ұстаздарды жолықттырдым. Әсел Бекешова мен Ғаділбек Әлжанов Ғаділбек сынды ағай-апайларым – мен үшін нағыз ұстаздардың көрінісі іспетті. Бойымда сапалы білім, өмірге деген терең ой, шынайы жігер қалыптастырғандары үшін бұл ұстаздарыма алғысым шексіз. Тәлім мен тәрбиені қатар берген білім ордамнан, ұстаздарымнан үйренгенім де, үйренерім де өте көп.

**Дилара НАЗЫМБЕКОВА,**  
**«бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының**  
**3 курс студенті**

**АЛҒЫС АЙТҚЫМ КЕЛДІ**

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, оқу орнындағы оқытушыларымыздың бізге аса табандылықпен, тиянақтылықпен білімге, мамандыққа баулы жатқанына ризашылығымды басылым бетінде білдіргім келеді. Соның ішінде, Гүлмира Өтемісовна, Айгүл Мәдениетқызы, Фариза Бағытқызы, Жанна Ербосынқызы, Гүлназым Татанғалиқызы, Орынгүл Асылбекқызы, Қанапия Жұмажанқызы, Нұрсұлу Темірболатқызы және басқа да ұстаздарымызға алғыс айтамын.

**Дильназ СЕРІКҚЫЗЫ,**  
**«педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері» мамандығының 4 курс студенті**  
**Беттегі материалдарды жинақтаған Ф.Балғожиев**



# МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ



Мамандық таңдау – болашақ өміріңді таңдау. Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы тиіс. Адам өміріне қазық болар бір сөз бар. «Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек. Бірінші мамандық таңдауда, екіншісі жар таңдауда» деген.

Ұлы кемеңгер Абай ағамыздың «Сенде бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан», - деген қасиетті сөзі адам баласының өз мақсатына жетуіне үлкен күш береді. Менің таңдаған мамандығым – филолог. Себебі, мен қазақ тілі мен әдебиеті пәніне жақынмын. Негізі, мен бастауыш сыныпта оқыған кезімде математикаға бейімдеу болатынмын. Бір жылдары мұғалімнің ықпалымен шығарма жазуға, жоба қорғауға қатыса бастадым. Кейін алтыншы сыныптан бастап қазақ тілі мен әдебиетінен пәндік олимпиадаларға қатыстым. Сөйтіп, мені әдебиет өз әлеміне алып келді. Сол кезден бастап мен қазақ әдебиетіне аса қатты көңіл бөлдім. Поэзия, роман, лирикалық жырлар, міне, осылардың арқасында менің тілге деген, әдебиетке деген қызығушылығым арта түсті. Лирикалық жырларды оқыған кезде сезімталдығымның әсерінен болар, ерекше сезімге бөленетінмін. Сонымен қатар, елімен қуанышты да, қайғыны да ортақтасып өткен қазақ ойшылдары Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлынан бастап, қазіргі ұрпақтардың жайын ойлап, қазақ тілімізді дәріптеп жүрген Мұхтар Шаханов сынды атақты ақын-жазушыларымыздың және мәдениеттілік пен қазағымның әдет-ғұрпын қатаң ұстанып, маған үлгі бола білген ұстаздарымның арқасында шабытым ұлғая түсті. Сөйтіп, менің жұлдыздықым жүрегіме жақын мамандық филология екенін ұқтым.

Филолог – ұлттың тілі үшін барын салып, еңбек ететін маман иесі. Сондықтан, бұл салаға байқамай емес, жүрегіңнің қалауымен, алға қойған арман-мақсатпен қалап түсуің керек. Филолог болу үшін алдымен өз ісінде адалдық пен алғырлық танытып, сөзге шешен болуың қажет. Адам өз қабілеті арқылы адамға да, қоғамға да қызмет ете біледі. Шын талантпен халықты баурап алар қасиетіміз болса, сонда ғана нағыз маман бола аламыз деп ойлаймын. Бастысы, өз ісіңнің білгір болғанға не жетсің. Сондықтан, болашақта қазақ тілі мен әдебиетінің даңқын көтеретін филолог болуым үшін шын ниетпен ұмтылып, білім алуға барлық күш-жігерімді жұмсамақпын. Еңбек етсем, алынбайтын асу жоқ. Әсіресе, мен мамандық таңдаудан қателеспегеніме сенемін.

**Шұғыла САПАРҒАЛИЕВА,  
«көптілі білім беру»  
факультетінің 1 курс студенті**

\* \* \*



Мен Көкарна селосында орналасқан жалпы білім беретін N32 орта мектебінде оқып, білім алдым. Мектеп кезінен оқуға зор ынта қойып, сүйіп оқитынмын. Соның арқасында мектебіміздегі көптеген ұстаздардың сүйікті шәкіртіне айналдым. Өзімді әрі қарай дамытып, пыңдап, жетілдіру үшін мектеп қабырғасында болып жатқан барлық мереке, іс-шара, олимпиадаларға белсене қатысып, жүлделі орындар мен дипломдар алған жайым бар. Осылай мектеп қабырғасындағы күндерім зырғып өтіп, өмірімдегі ең маңызды таңдаулардың бірі мамандық таңдаудың да кезегі келіп жетті. Дана Абай ағамыздың “Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан” деген қасиетті өнеге сөзі өз мақсатына жету үшін біздерге, яғни үлкен өмірге енді қадам басып келе жатқан ұрпақтар үшін зор мүмкіндіктерге жол ашады. Сірә, болашақта үлкен маман иесі болуды армандамайтын жас жоқ шығар. Қандай мамандық таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырады сөзсіз. Бір кездері өзім де осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, қиялдап, өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақыры осы бір сұрақтың жауабын тапқандай болдым. Оның жауабы экономика саласы еді. Мен не үшін бұл саланы таңдадым? Менің бұл шешімге келуіме себебім мектебіміздің завучы, әрі

ардақты ұстазымыз Алтынгүл Рахметуллаева апайымның еңбегі деп білемін. Өйткені, ол кісінің бізге берген ақыл-кеңесінің, ұстаздық білімінің арқасында барлығын жан-жақты зерттеп, кішкентай нәрсеге дейін зер салып, саралап, дұрыс шешім қабылдадым деп ойлаймын. Әрине, мұның бәрі білім беріп, өз ұл-қызындай қарап, дұрыс жолға салып отырудан жалықпаған мектептегі барша ұстаздарымның арқасы. Осы сәтті пайдаланып, мен оларға басымды ие тұра, мың алғыс айтқым келеді. Осылайша менің экономика саласына бет бұруым бастау алды. Қазіргі уақытта қарап тұрсаң заман өзгерген сайын адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болып, қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыс сәйкесінше мамандар да келе бастады. Дегенмен, саны бар, сапасы болмаса, елімізге, өзімізге не пайдасы бар?!

Иә, қазір экономист мамандығы халықаралық сауданың, нарықтық қатынастардың дамуына байланысты танымал бола бастады. Осы орайда мені “Халыққа пайда келтіре аламын ба?”, “Бұл сала маған не бере алады?” - деген сұрақтар маза бермейтін. Сөйтіп бұл сұрақтарға жауапты көп іздеп, ұзақ ойланып, мынадай шешімге келдім: Мен бұл мамандықты оқи отырып, әрқашан өз қаржылық, экономикалық сауаттылығымды арттыруға мүмкіндіктер ала аламын. Экономика мамандығы тікелей халықпен, мемлекетпен байланысты болғандықтан, оған жауапкершілікпен қарайтын мамандардың көп болғанын қалаймын. Мен өз бойымда осы қасиеттерді бар деп есептегендіктен, өзімді бұл саланың маманы болуға лайықтымын деп санаймын. Болашақта елім, жерім деп тұратын, адал қызмет етуге әрқашан дайын тұратын, халқын сүйер азаматша болатыныма сенімдімін.

**Ұлмекен ЖҰМБАЕВА,  
«экономика және құқық»  
факультетінің 1 курс студенті**

\* \* \*



Атырау қаласындағы Ф.Оңғарсынова атындағы орта мектептің «Алтын белгі» иегерімін. Қазіргі таңда еліміздің мұнайлы астанасы саналатын Атырау қаласында Х.Досмұхамедов атындағы университеттің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 1 курс студентімін.

Біздің университет білім беру жүйесінде өзіндік тарихы бар, спорт шебері Ә.Тұяқов, ақын Ф.Оңғарсынова сынды ұлы тұлғалар білім алған, бәсекеге қабілетті дарындыларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бірі. Университет қазіргі заман талабына сай толықтай жабдықталған. Компьютерлік және зертханалық сыныптар, кітапхана, асхана, университет жанында орналасқан жатақхана және басқа да барша студенттер үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Менің таңдауым – ұстаздық. Яғни, болашақ мамандығым – математика пәнінің мұғалімі. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» дейді, қызығы мен шыжығы толы мамандықты игеріп, лайықты ұстаз атану – алға қойған басты мақсатым. Болашақта менің де, шәкірттерімнің ұлы жетістіктерге жеткені – өзім үшін үлкен бақыт болмақ.

Бәсекеге қабілетті, өз саламның үздік маманы болуыма мол әсерін тигізетін оқу орнын қателеспей таңдағанымна қуанамын. Себебі, маған білім беріп, жетістіктерге жетуіме септігін тигізген ұстаздарым осы Х.Досмұхамедов атындағы университеттің түлектері. Жетпіс жылдан астам тарихы бар, өз саласының нағыз мамандарын даярлайтын жоғары оқу орнының студенті атанғанымна бек разыман.

**Нұрай ЖОЛАМАН,  
«физика-математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің 1 курс студенті**

\* \* \*



Туған жерім – Құрманғазы ауданы. Қазіргі таңда Атырау университетіне оқуға түсіп, алға қойған арманымна қол жеткіздім десем болады. Спорт саласы мен үшін өте қызықты. «Өзіңнің мықты екеніңді танығың келсе спортшы бол» дегендей, мен әлі алда талай

бәсекелестермен күш сынасатын боламын. «Шынықсаң шымыр боласың» деп дана халқымыз бекерге айтпаса керек. Балалық шағымнан спортқа бейім болып, енді өзіміздің Атырау қаласында мектептен кейінгі білімімді жалғастырудамын. Менің туған ауылыма жақын, осы жоғарғы оқу орнын таңдаған себебім, ауылдағы бірге өскен бауырларымнан алысқа алшақ кеткім келмеді. Екіншіден, басқа қалада алған білімімді Атырау университетінен де ала аламын деген берік тоқтамға келдім. Алдағы төрт жылдың ішінде небір үлкен жарыстарға қатысып, жеңімпаз атанып, өзім таңдаған оқу орнына үлесімді қоссам деймін. Өйткені, мен туған жеріммен ғана мақтана аламын. Өзімді биікке көтеріп, үнемі қолдау көрсететін ауылдас, класстастарымды, туыс-бауырларымды, барша халқымызды жанымдай жақсы көремін.

**Гүлім ҚУАНЫШЕВА,  
«инновациялық білім беру»  
факультетінің 1 курс студенті**

\* \* \*



Бала күнімде сурет салғанды жақсы көретінмін. Қолымнан қандай іс келеді, бәрін жасай беретінмін. Сурет салуды көп адам білгенмен, оған хобби ретінде қарайды, ал менің сурет салуға деген ынтамның арқасында Атырау қаласы Халел Досмұхамедов атындағы жоғары оқу орнына «Бейнелеу өнері және көркем еңбек» мамандығына оқуға түстім. Бұл мамандықты таңдауыма себепші болған – ата-анам мен Әсел апайым. Осы кісілерге ерекше алғысымды білдіремін. Қай мамандық иесі болсам да, бір жерді жарып шығатыныма сенемін. Болашақ арманым – қалаған оқуымды ойдағыдай аяқтап, білімімді ары қарай жетілдіру.

Сурет салу әр адамның қолынан келсе де, суретші болу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Себебі, суретті жай ғана салмай, оны асқан шеберлікпен және салған көріністің нағыз мәнін ерекше бейнелей алуы қажет. Мен таңдаған мамандық жас жеткіншектердің рухани дамуына пайдасы мол десем артық айтпағаным. Себебі, бұл өнер бағыты жастардың эстетикалық қызығушылығын жетілдіруге септігін тигізетін анық. Шығармашылықпен ойнау, қиялдау, көркем еңбек қабілетін жетілдіру, қоршаған ортаны сезіну адамның эстетикалық қарым-қатынасын дамытады. Бейнелеу өнері жас ұрпақтың толыққанды және рухани тұрғыда дамуына өте зор ықпал етеді.

Мен Әбілхан Қастеев бабамыздай суретші ретінде өзіндік қолтаңбамен ғана ерекшеленіп қана қоймай, туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алатын біртуар суретші болғым келеді. Оқуымды аяқтап, болашақта қазақтың тарихын сөзбен емес, суретпен жырлайтын Әбілхан атамның артынан ерген білімді жас болу – менің мақсатым.

**Гүлзада ҚАБЕРОВА,  
«гуманитарлық ғылымдар және өнер»  
факультетінің 1 курс студенті**

\* \* \*



Мен Орал қаласындағы Кругоозерное жалпы орта білім беретін мектебін биыл бітірдім. Өзімнің сынып жетекшісі Назым Кударбаеваға, басқа да ұстаздарыма айтар алғысым көп. Сол кісілердің ақыл-кеңесінің арқасында арманымна қол жеткізіп, Атырау қаласына келіп, грант иегері атандым. Жаңа ортаға келгені ұстаздармен, группаластарыммен тез тіл табысып, өзіме жақсы орта қалыптастырдым. Әсіресе, Атырау университетіндегі факультет белсенділері студенттік күндерімнің қызықты өтуіне бар күштерін салуда. Кураторым Гүлшат Ғабитқызы Жуматова да – менің ақылшы, жанашырымдай. Алға қойған мақсатым – өзімнің таңдаған мамандығымның мақтанышы болу. Университеттегі өмірімнің қызықты әрі пайдалы өтуіне «Senator» дебат клубының президенті Бақдәулет Өміртаевтың да сеп болып жүргенін айта кетейін.

**Нұрсұлтан ИСЛАМҒАЛИ,  
«жаратылыстану және ауыл шаруашылығы»  
факультетінің 1 курс студенті**

**Беттегі материалдарды жинақтаған Ф.Балғожиев**

# ҰЛТ МҰРАТЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына көз жіберіп қарасақ, тарихымыздың төрінде жарқырап ірі, сом жаратылысты, дарыны ерекше алыптардың шыққанын көреміз. Алашорда үкіметі, Алаш қозғалысы деген айырықша атпен енген осы бір киелі де қасиетті ұғымдар да осы кезеңнің еншісінде. Қазақтың «Біртұтас ел боламыз!» деген ұлы бастаманың басында Алаш серкелері тұрды. Сол көшбасшының бірі, тұтас буынның төл басы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, ұлтымыздың ұлы ұстазы атанған тұңғыш ұлттық әліппенің авторы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры, ақын-аудармашы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, қазақтың тұңғыш білім министрі, қоғам және мемлекет қайраткері, өз халқын шексіз сүйген патриот – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақтың біртуар перзентінің туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Бұл мерей-тойды ЮНЕСКО деңгейінде атап өтеміз. Тәуелсіздік ұлтымыздың жадын жаңғыртып, тарихи тамырымыздан қайтадан нәр алуымызға жол ашты. Бұл ретте ұлт ұстазының еңбегін зерделеп, оны мол мұрасын ұрпақ санасына сіңіру баршамызға ортақ міндет.

Мереке аясында 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні мерекесінің іс-шара жоспарына сәйкес Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебінде «Ахмет Байтұрсынұлы-ұлт мұраты жолындағы ұлы тұлға» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Арнайы шақыртумен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті, Қазақстан журналисттер одағының мүшесі, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері Айдар Рамазанұлы қонақ болып, оқушылар үшін тың жаңалықтармен қатар, А. Байтұрсынұлов еңбектері мен өмір жолынан сыр шертті. Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі мұғалімдерінің даладағы оқушылары А.Байтұрсынұлының сан саладағы қырларын аша түсіп, дөңгелек үстелдің көркін қыздыра түсті.

Дөңгелек үстелде алғашқы болып оқушылар арасынан сөз алған 11 сынып оқушысы Аружан Серік (жетекшісі Зулфат Бисенова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі) «Қазақты қазаққа сүюді үйреткен Ахмет Байтұрсынұлов» деп сөз алып:

«Ызындап ұшқан мынау біздің маса,



Сап-сары, аяқтары ұзын маса.

Өзіне біткен түсі өзгерілмес,

Дегенмен қара, яки қызыл маса», – дей келе, Алаш арысының еңбектеріне тоқталып өтті. Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Эльмира Темірованың жетекшілігімен 10 сынып оқушысы Айсана Талғатова «Ахмет Байтұрсынұлы – аудармашы» тақырыбын зерделей отырып, кеменгер тұлғаның аудармаларын Абай Құнанбайұлының аудармаларымен салыстыра келе, Байтұрсынұлының ерекше сөз саптауындағы шеберлігін таныта түсті. Айдар Рамазанұлы бұл баяндаманы тиек ете отырып, ұлыларымыздың қай еңбектерін алсақ та біз үшін құнды екенін айтып кетті. Эльназ Құрман «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ фольклоры» атты ғылыми зерттеуіне аңыз, әпсана, ертегі секілді ұлттық құндылықтарымызды насихаттай отырып, мысалдар келтіре білді. 11 сынып оқушылары Реймбай Данияр мен Сатыбалды Абзал (жетекшісі Райхан Нұржанова) «Ұлт ұстазы

– Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында тың деректер келтіре отыра, ағартушылық қырынан танытып, «Әдебиеттануық», «Тіл тағылымы» еңбектерін тілге тиек етті.

Тұщымды ой, астарлы пікірлер, ел біле бермейтін ақпараттар айтылып, оқушылардың ғылыми зерттеуге деген құлшынысы арта түскендей болды. Кеш соңында мектеп директоры Ақылбек Кишуұлы сөз алып, алғыс білдіріп, Айгүл Аманқызы жыр жолдарын арнаса, Батиха Итенқызы жүрек жарды тілектерін тілеп, бастаманың жалғасы болатынына сенетінін жеткізді. Әсерлі жүздесу ғылым мен білім жолына қанаттандырып қана қоймай, университет ұстаздары мен мектептің байланысын одан сайын нығайта түскендей болды.

Райхан НҰРЖАНОВА,  
Ғ.Мұратбаев атындағы орта  
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
әлеуметтік ғылымдар магистрі

## Студенттер шығармашылығынан

Волны мыслей преподнесли  
наброски берегу размышлений,  
сотворённые поэтичным океаном...

### ИГРА ВООБРАЖЕНИЯ

Воображение моё пархает в небесах,  
Прикасясь с космосом, рисуя этюды мои.  
Представляет невообразимое в этих кругах,  
Что порождает отражение мутное в реалиях моих.

До чего жадно красиво на островке моих дум,  
Роман пишется за секунду, великую любовь крепко держа.  
Да зачем весь этот спектакль, фантазия моя?  
К чему ты пытаешься привязаться в чудной игре?

Обдаю и сею волшебством этаким,  
Да нужно ли оно миру – объект престранный?  
В природе полно грёзно магических явлений,  
Найдётся ли свободное место для блестящих стремлений?

\* \* \*

### К ТЕБЕ ДОРОГОЙ ЛЮБВИ

В лесу вечнозелёном  
Не темней, моя душа.  
На расстоянии пою о прекрасном,  
Что доносится до твоих уш, любовь моя.

Твой огонёк в сердце моём  
Согревает воспоминаниями нежно.  
Звёздами блестит в лесу водоём,  
Что будит чудо любви необыкновенно.

В лесу вечнозелёном  
Своей любовью дорогу освещай.  
Не заблужусь я в темноте,  
К тебе приду и прижмусь скорей.

\* \* \*

### ПИЩЕВЫЕ ЗАПРЕТЫ

Девочка установила пищевые запреты,  
Каждый день – стакан воды и кусочек сыра.  
Нахлебнувшись интернетом, мозг штурмовали приметы,  
Гарантирующие тело мечты мгновенно.

Изнурённый желудок съедает накопленные пользы,  
Спасаясь от безумства потерянно-прекрасной девочки.  
Девочка радуется при виде костей,  
Но, дорогая, организм не рад подарку твоему.

Золотце, ты – совершенное искусство,  
Не пытайся меняться из-за рамок общества.  
Твоё тело нуждается в тебе с твоими желаниями,  
Используй нужные инструменты, как еда, для роста своего.

\* \* \*

### ЖИЗНЬ ЗОВЁТ ЖИТЬ

Жизнь течёт, словно вода из-под крана,  
Не замечаем, как изменила свой образ она.  
Чем же занимается в это время судьба?  
Предполагая, сочиняет за нас рассказ.  
Зачем мы позволяем так поступать,

Когда внутри нас инструменты жизни живут?!  
Мы сами творцы, мы можем сочинять,  
Только нужно пыльцу храбрости придать.  
Не хватает нам бесстрашия и отваги,  
Что отвечают за поступки наши,  
Да боимся действовать по зову сердца,  
Что снаружи посмотрят искоса.  
Однако не надо как заяц шарахаться  
От каждого шороха незаметного.  
А направить свой орёл зорко туда,  
Откуда гул детский исходит.  
Тогда душа почувствует прилив сил  
Да заживёт по-настоящему счастливо.

\* \* \*

### ВНУТРЕННИЙ ПУТЬ

На планете этой проживаю лет осьмнадцать,  
Ощущая себя на берегу размышления.  
Раскрываю свои грани, ища себя,  
Пытаясь дотянуться к совершенной я.

Днём и ночью скитаюсь по мысленным полям,  
С рюкзаком, набившийся от произошедших историй.  
Вроде найдя новую сторону себя,  
Начинает рваться нить с образом прошлым моим.

Шагаю туда, куда сердце тянет,  
По тернистой земле усладу пожиною.  
Облик мой – Анабаша престранный,  
Катаюсь по волнам, чудаковатость совершает.

Продолжу – таки свой любопытный путь,  
Внутренне стоя на берегу размышлений.  
А может, не замечают фибры мои,  
Что достигли до желаемой цели...

Нурикамал Кылышбек,  
РКШ-201



### TRIGGER жобасы


Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Орталық Азиядағы түлектерді жұмысқа орналасуына жағдай жасау арқылы студенттерге инновациялық тәсілдер мен кәсіпкерлік дағдыларды ынталандыруға арналған Erasmus+ бағдарламасының TRIGGER жобасы туралы айтылды. Университет бұл жобаның Қазақстандағы серіктесі.



### Орталық Азия Еуразия Қорымен серіктестік



Университет Орталық Азияның Еуразия Қорымен серіктес атанып, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында «Экономика және құқық факультетінен 2 мұғалім «Тренерлерге арналған тренингтен» TOT өтіп, өңірдегі бизнес тренерлердің қатарына қосылып, жастарға әлеуметтік кәсіпкерлік туралы тренинг өткізді. Экономика, менеджмент, маркетинг тақырыптарына тренинг бағдарламаларын жасақтап, өңірдегі стартап-жобаларына тренер ретінде ат салысады.



## БІЗДІҢ ЖОБАЛАР

### Кәсіптік бағдар беру (INTEGRITY жобасымен серіктестік)



Биылғы жылы университет «Кәсіптік бағдар – болашақты таңда және басқар» жобасымен серіктес болып, Атырау облысының 14-17 жасар оқушыларына университетке экскурсиялар жасалып, мұғалімдер оқушыларды мамандықтармен таныстырды.



### KIDS университеті

«Балалар жылына» орай маусым айында балаларға арналған KIDS университеті жұмысын жандандырып, 6-12 жастағы оқушыларға жазғы демалысын пайдалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізді. 70 оқушы университет мұғалімдері мен жастар саясаты бөлімінің мамандарының ұйымдастырған жазғы лагеріне қатысты. Олар ағылшын тілі, логика, психология, шешендік өнер, актер шеберлігі, сурет салу, қол өнер сабақтарын алып, сондай-ақ йога, спортпен шұғылданып, бассейн, киноға барды. Ата-аналар мен оқушылар жақсы көңіл-күймен жылы лебіздерін қалдырды. KIDS университетінде жаңа оқу жылынан физика, математика, тарих, тіл пәндерінен мектеп оқушыларына қосымша сабақтар және жасөспірімдерге психологиялық тренингтер өткізіледі.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Қ.Қуатова – Редактор  
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы  
А. Ғинаятұлы – фотограф  
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:  
Ә.Кенжетай

Редакция:

Н.Жаңбырбай  
А.Өтемісқызы  
А.Сәлімгерейқызы  
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1988 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана